Мақалада кәсіпорындарды цифрландыру жобаларына инвестиция салуда шешім қабылдауды қолдау жүйесінің моделі ұсынылған. Модельдің негізі ретінде сызықтық емес дифференциалдық ойындар теориясы алынған, бұл инвесторлар арасындағы белгісіздік пен бәсекелестік жағдайындағы қарсы әрекет ету процесін формализациялауға мүмкіндік береді. Өзірленген тәсіл Рунге–Кутта әдісі арқылы сандық шешім қолдану арқылы қаржыландырудың ұтымды стратегияларын табуға жол ашады. Тұрақты және айнымалы параметрлері бар модельдер үшін есептеу эксперименттері жүргізілді. Нәтижелер ұсынылған модельдің кәсіпорындардың цифрлық трансформациясы саласында инвестициялық шешімдерді қолдау үшін тиімділігін растады. Бұл мақалада көп факторды ескере отырып, кәсіпорынды цифрландыру саласындағы жобаларға тұрақты инвестициялар салу мүмкіндігі қарастырылады. Аталған мәселені шешуге бағытталған мақала ғылыми да, тәжірибелік тұрғыдан да өзекті болып табылады. Көпфакторлылықты ескере отырып, сызықтық емес дифференциалдық ойындар класы қарастырылды, бұл кәсіпорындарды цифрландыру жобаларындағы инвестициялық процесті дәл сипаттауға мүмкіндік берді. Бұл инвесторға инвестициялық стратегияларды талдап, ұтымды шешімдер қабылдауға жағдай жасайды.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, инвестор, инвестициялық жоба, бисызықтық дифференциалдық ойындар, Рунге-Кутте әдісі.

Т.С. Қартбаев¹, А.Е. Исмайылов³, А.А. Тұрғынбаева^{2,3}, В.Ж. Керимбаева³

¹Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

³Алматинский технологический университет, г.Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ ИГР В СИСТЕМЕ ПОДДЕРЖКИ ПРИНЯТИЯ ИНВЕСТИЦИОННЫХ РЕШЕНИЙ ПО ЦИФРОВЫМ ПРОЕКТАМ

Аннотация

В статье представлена модель системы поддержки принятия решений при инвестициях в проекты цифровизации предприятий с учётом множества факторов. Основой модели выступает теория нелинейных дифференциальных игр, что позволяет формализовать процесс противодействия между инвесторами, принимающими решения в условиях неопределённости и конкуренции. Разработанный подход позволяет находить рациональные стратегии финансирования с применением численного решения через метод Рунге-Кутта. Проведены вычислительные эксперименты для моделей с постоянными и переменными параметрами. Результаты подтверждают эффективность предложенной модели для поддержки инвестиционных решений в области цифровых трансформаций предприятий. В данной статье с учетом множества факторов рассматривается возможность осуществления постоянных инвестиций в проекты в области цифровизации предприятия. Статья, направленная на решение данной проблемы, представляет актуальный научный и практический интерес. С учетом многофакторности рассмотрен класс нелинейных дифференциальных игр, который позволил точно описать инвестиционный процесс в проектах в области цифровизации предприятий. Это позволяет инвестору анализировать и находить рациональные инвестиционные стратегии.

Ключевые слова: цифровые технологии, инвестор, инвестиционный проект, нелинейные дифференциальные игры, метод Рунге-Кутте.

T. Kartbaev¹, A. Ismailov³, A. Turgynbaeva^{2,3}, V.Zh. Kerimbaeva³

¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

³Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

THE APPLICATION OF DIFFERENTIAL GAMES IN THE SYSTEM OF SUPPORTING INVESTMENT DECISIONS FOR DIGITAL PROJECTS

Abstract

The article presents a model of a decision support system for investments in enterprise digitalization projects, taking into account multiple factors. The model is based on the theory of nonlinear differential games, which makes it possible to formalize the process of opposition between investors making decisions under conditions of uncertainty and competition. The developed approach allows for finding rational financing strategies using a numerical solution through the Runge–Kutta method. Computational experiments were carried out for models with constant and variable parameters. The results confirm the effectiveness of the proposed model for supporting investment decisions in the field of enterprise digital transformations. In this article, considering multiple factors, the possibility of implementing continuous investments in enterprise digitalization projects is examined. The paper, aimed at solving this problem, is of both scientific and practical relevance. Taking into account the multifactorial nature, a class of nonlinear differential games was considered, which made it possible to accurately describe the investment process in enterprise digitalization projects. This enables the investor to analyze and identify rational investment strategies.

Keywords: digital technologies, investor, investment project, nonlinear differential games, Runge-Kutte method.

Кіріспе

Қазақстанның қоғамдық өмірінің барлық салаларында қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу процесін арттыру, цифрлық экономиканы және Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды дамыту, оны әлемдік ақпараттық кеңістікке интеграциялау «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттері болып табылады. Сонымен қатар, соңғы жылдары инвесторлар, АТ кәсіпорындары, мемлекеттік құрылымдар және басқа да қатысушылардың қатысуымен ақпараттық технологиялар саласындағы ұйымдардың өзара байланысының жаңа ұйымдастыру нысандарын құру процесін белсенділендіру тенденциясы бақылануда.

Цифрлық технологиялар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді, тәрбиелеуді қарқындату және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал. Цифрлық әлемге өту соңғы екі онжылдықтан аса уақытта қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр.

Отандық цифрландыру саласындағы инвестициялық жобаларды бағалауға арналған ШҚҚЖ-рі аз не жоқ деп айтуға болады, сондықтанда осындай жобаларды бағалаудың тиімділігі мен нәтижесін арттыру үшін әртүрлі ШҚҚ-дың компьютерлік жүйелерін енгізу керекпіз [1].

Демек, инвестициялық жобаларды, атап айтқанда кәсіпорындарды цифрландыру саласында бағалау үшін шешім қабылдауға қолдау көрсетудің компьютерлік жүйелерін құрудың модельдері мен әдістерін дамыту өзекті міндет болып қала береді. Мақаланың өзектілігі кәсіпорындарды цифрландыру үдерісінің жедел қарқынмен дамуы және осы саладағы инвестициялық шешімдердің күрделенуімен байланысты. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысында белгісіздік, тәуекел және инвесторлар арасындағы бәсекелестік факторлары шешім қабылдауды ғылыми тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, көпфакторлы инвестициялық процестерді сипаттауда сызықтық емес дифференциалдық ойындар теориясын қолдану маңызды ғылыми мәнге ие. Ұсынылып отырған зерттеу цифрлық жобаларға инвестиция салуда ұтымды стратегияларды анықтауға мүмкіндік беретін шешім қабылдауды қолдау жүйелерін дамытуға бағытталған.

Кәсіпорынды цифрландрумен байланысты жобаларды инвестициялауға тырысатын екі инвесторлар тобы болды. Инвесторлардың әрбір тобы біртұтас ретінде әрекет етеді, осы ретте, топтағы әрбір инвестор белгілі цифрлық технологияны қаржыландырады деп есептеуге болады. Біздің ойымызша, бірінші топ бірінші инвестор, ал екінші топ екінші инвестор, біз қойылым үшін инвесторлардың қаржы ағындарының өзгерісін белгілейтін көп өлшемді кеңістіктердегі динамикалық жүйені басқарады. Жүйе тәуелді қозғалыстары бар бисызықтық көп сатылы теңдіктер жүйесімен берілген. (U) және (V) инвесторларының стратегияларының жиынтығы анықталып, S_0, F_0 терминалды беттері беріледі. Бірінші инвестордың мақсаты (қатарына инвестициялау объектісі компаниясының басшылығын да жатқызуға болатын инвесторлар тобы, одан кейін – $Inv1$) екінші инвестор қалай әрекет етпесін ($Inv2$) S_0 терминалды бетіне өзінің басқару стратегияларының көмегімен динамикалық жүйені келтіру. Екінші инвестордың $Inv2$ (немесе инвесторлар тобының) мақсаты $Inv1$ қалай әрекет етпесін, динамикалық жүйенің өзінің басқару стратегиясының көмегімен F_0 -ге алып келу.

Мақалада бірінші инвестор-одақтастың көзқарасы тұрғысынан болатын мәселе қарастырылады. Екінші инвестор-одақтастың көзқарасы тұрғысынан болатын мәселені қарастырмаймыз, себебі, оның шешімі ұқсас, симметриялық салдарынан болады. Шешімі объектілерге жүйені қандай да болмасын бетіне келтіруге мүмкіндік беретін инвесторлардың және оның стратегияларының бастапқы күйлерінің жиынтығын табуда негізделеді.

Бірінші инвестор $(h_1(t), h_2(t))$ қаржылық ресурстардың екі өлшемді векторымен берілетін, ал екінші инвестор $f(t)$ қаржы ресурстарының бір өлшемді векторымен берілетін инвестициялау процесін басқаратын дифференциалдық теңдеулер жүйесі екі дифференциалдық теңдеуден тұратын шартқа арналған мысалды келтіреміз.

Зерттеу мақсаты бірінші және екінші инвестор-одақтас тараптардың көзқарастары тұрғысынан екі есепті қалыптастырудан тұрады [2]. Молюков В.П. еңбектеріне сәйкес, (1) теңдеуімен берілетін динамикалық жүйе келесі түрде жазылады:

$$\begin{cases} dh_1(t)/dt = -h_1(t) + (1 - u_1(t)) \cdot h_1(t) - 2 \cdot v(t) \cdot f(t), \\ dh_2(t)/dt = -h_2(t) + (1 - u_2(t)) \cdot h_2(t) - 2 \cdot v(t) \cdot f(t), \\ df(t)/dt = -f(t) + (1 - v(t)) \cdot 2 \cdot f(t) - u_1(t) \cdot h_1(t) - u_2(t) \cdot h_2(t); \end{cases} \quad (1)$$

Зерттеу әдіснамасы

Красовский Н.Н. еңбектеріне сүйене отырып, аяқталу уақыты алдын ала берілген T және функционалы φ анықталған дифференциалдық ойынды қарастырайық. Мұндай ойынды кеңейтілген $\{t, x^*\} = \{t, x, x_{n+1}\}$ кеңістігінде φ^* функционалы бар минимакс–максимин типті функционалдық ойынға келтіруге болады.

Осыдан кейін $t_0 \leq t \leq T$ аралығында шектік шартты қанағаттандыратын үздіксіз функцияның бар екенін ұйғарайық. Бұл жағдайда кеңейтілген кеңістікте анықталатын $E(t, x^*)$ функциясын табу талап етіледі, ал ол функция үшін шектік шарт белгілі бір түрде беріледі.

$$E^*(T, x^*) = \sigma^*(x^*) = \sigma(x) + x_{n+1} \quad (2)$$

$E^*(t, x^*)$ функциясын құру барысында x_{n+1} координатасы аддитивтік түрде енгізіледі. Осыған байланысты кеңейтілген кеңістіктегі $E^*(t, x^*)$ функциясын бастапқы айнымалылар бойынша жіктеп көрсетуге болады. Нәтижесінде, аталған функция аддитивтік құрылымға ие болып, оны тиісті түрде келесі функционалдық өрнек түрінде анықтауға мүмкіндік туады.

$$E^*(t, x^*) = E(t, x) + x_{n+1} \quad (3)$$

Н.Н. Красовскийдің тиісті теоремасына сәйкес, $U^0 \div u^0(t, x)$ және $V^0 \div v^0(t, x)$ оңтайлы стратегияларының жеткілікті шарттарын тұжырымдауға болады.

Теорема 1. $E(t, x) = \sigma(t, x)$ аралығында берілген шектік $t_0 \leq t \leq T$ шартын қанағаттандыратын үздіксіз $E(t, x)$ функциясы бар деп ұйғарайық. Сонымен қатар, $t_0 < t < T$ аймағында бұл функцияның барлық айнымалылар бойынша үздіксіз жеке туындылары бар және ол аталған облыста қойылған қажетті шарттарды орындайды деп есептейік.

$$\min_{u \in P} \max_{v \in Q} \left(\sum_{i=1}^n \frac{\partial E}{\partial x_i} M_i(t, x, u, v) + \aleph(t, x, u, v) + \frac{\partial E}{\partial t} \right) = \\ = \max_{v \in Q} \min_{u \in P} \left(\sum_{i=1}^n \frac{\partial E}{\partial x_i} M_i(t, x, u, v) + \aleph(t, x, u, v) + \frac{\partial E}{\partial t} \right) = 0 \quad (4)$$

$t_0 \leq t < T$ аймағында анықталған, берілген шарттарды қанағаттандыратын $U^0 \div u^0(t, x)$ және $V^0 \div v^0(t, x)$ стратегиялары болсын.

Онда берілген $\{t_0, x_0\}$ бастапқы позиция үшін U^0, V^0 стратегиялары φ минимакс–максимин функционалының дифференциалды ойынның $\{U^0, V^0\}$ тең нүктесін құрайды.

$E(t, x)$ функциясын $E^*(t, x^*) = E(t, x) + x_{n+1}$ алмастыруға болады, егер $x_{n+1,0} = 0$ болғанда.

Біз қарастырып отырған дифференциалды теңдеудің $E^*(t, x^*) = E^*, x, x_{n+1}$ функциясы үшін жеке туындысы келесі теңдеу болады.

$$\min_{u \in P} \max_{v \in Q} \left(\sum_{i=1}^{n+1} \frac{\partial E^*}{\partial h_i f_i} M_i(t, h, f, u, v) + \frac{\partial E^*}{\partial t} \right) = 0, \quad (5)$$

қажетті шеткі шартпен бірге

$$E^*(T, x^*) = \sigma(h, f) + x, x_{n+1}, \quad (6)$$

ауысымды түрлендіруге мүмкіндік берді.

$$\tilde{E} = E + \alpha, \quad \widetilde{x_{n+1}} = x_{n+1} + \alpha.$$

$$\dot{x} = A(t)x + B(t)u + C(t)v \quad (7)$$

Дифференциалды теңдеудің шешімін табы үшін динамикалық бағдарламау әдісі қолданылады. Функцияналы келесі түрдегідей беріледі

$$\varphi = \int_{t_0}^T (\|x[t]\|^2 + \|u[t]\|^2 - \|v[t]\|^2) dt + \sum_{i,j}^n \sigma_{i,j} x_i [T] x_j [T]. \quad (8)$$

Мұнда $A(t), B(t)$ және $C(t)$ — сәйкес өлшемді функциялардың үздіксіз матрицалары.

Теорема 1-дің шарттарын қанағаттандыратын $E(t, x)$ функциясын анықтау мақсат етіледі. Бұл функция квадраттық форма түрінде іздестіріліп, сол түрде табылатын болады.

$$E(t, x) = \sum_{i,j=1}^n \alpha_{i,j}(t) x_i x_j. \quad (9)$$

Аяқталу уақыты шекті (яғни T уақытымен аяқталатын) күрделі ойынға сәйкес.

$$\left(\frac{dE^*}{dt} \right)_{u,v} = \left(\frac{dE}{dt} \right)_{u,v} + \aleph(t, x, u, v) = \sum_{i=1}^n \frac{dE}{dx_i} M_i(t, x, u, v) + \aleph(t, x, u, v) + \frac{dE}{dt} = \\ \sum_{i=1}^n \frac{dE}{dx_i} [\sum_{j=1}^n a_{ij} x + \sum_{j=1}^r b_{ij} u_j + \sum_{j=1}^s c_{ij} v_j] + \sum_{i=1}^n x_i^2 + \sum_{i=1}^r u_i^2 - \sum_{i=1}^s v_i^2 + \frac{dE}{dt} =$$

$$2 \sum_{i,k=1}^n a_{ik} [\sum_{j=1}^n a_{ij} x_j + \sum_{j=1}^r b_{ij} u_j + \sum_{j=1}^s c_{ij} v_j] + \sum_{i=1}^n x_i^2 + \sum_{i=1}^r u_i^2 + \sum_{i=1}^s v_i^2 + \sum_{i,j=1}^n a_{ij} x_i x_j. \quad (10)$$

Минимакс шартына (10) сәйкес, төменде қажет болатын екі есептің шешімін анықтаймыз: олардың біріншісі – берілген өрнектің u айнымалысы бойынша минимумын табу есебі.

$$\beta^{(1)}(u) = 2 \sum_{i,k=1}^n a_{ik} x_k \sum_{j=1}^r b_{ij} u_j + \sum_{i=1}^r u_i^2 \quad (11)$$

Екінші тапсырма — берілген өрнектің v айнымалысы бойынша максимумын табу есебі.

$$\beta^{(2)}(v) = 2 \sum_{i,k=1}^n a_{ik} x_k \sum_{j=1}^s c_{ij} v_j - \sum_{i=1}^s v_i^2 \quad (12)$$

u^* және v^* қажетті мәндері үшін келесі өрнектерді табайық:

$$u^* = \{u_j^* = -\sum_{i,k=1}^n a_{ik} b_{ij} x_k, \quad j = 1, \dots, r\}, \quad (13)$$

$$v^* = \{v_j^* = \sum_{i,k=1}^n a_{ik} c_{ij} x_k, \quad j = 1, \dots, s\}. \quad (14)$$

Осы табылған мәндерді u және v үшін (9) өрнегіне қойып, әрі (4) теңестіру шартына сәйкес алынған өрнектің нөлге тең екенін ескерсек, төмендегі теңдеуге келеміз:

$$2 \sum_{i,j,k=1}^n a_{ki} a_{kj} f_i x_j - \sum_{j=1}^r \sum_{i,j,k,p=1}^n a_{ki} a_{pj} b_{kl} b_{pl} x_i x_j + \sum_{i=1}^s \sum_{i,j,k,p=1}^n a_{ki} a_{pj} c_{kl} c_{pl} x_i x_j + \sum_{i=1}^n h_i^2 f_i^2 + \sum_{i,j=1}^n \dot{K}_{i,j} x_i x_j = 0 \quad (15)$$

Соңында (15) тең $x_i x_j$ көбейтінділерінің коэффициенттерін нөлге теңестіріп, қажетті функциялар үшін қарапайым дифференциалдық теңдеулерді аламыз:

$$\begin{aligned} \dot{K}_{ij} = & -2 \sum_{k=1}^n a_{ki} a_{kj} + \sum_{j=1}^r \sum_{k,p=1}^n a_{ki} a_{pj} b_{kl} b_{pl} - \\ & - \sum_{i=1}^s \sum_{k,p=1}^n a_{ki} a_{pj} c_{kl} c_{pl} - \delta_{i,j}, \end{aligned} \quad (16)$$

мұндағы $\delta_{i,j}$ — Кронекер таңбасы, яғни $i \neq j$ үшін $\delta_{i,j} = 1$, $\delta_{i,j} = 0$.

$E(T, x) = \sigma(x)$ шектік шартты да қанағаттандыру үшін (16) теңдігін сәйкес (8) және (9) теңдеулер шарты бойынша интегралдануы керек.

$$\alpha_{ij}(T) = \sigma_{ij} \quad (17)$$

(16) формуласы Риккати теңдеулер жүйесін анықтайды. Қалай болғанда да, бұл жүйенің τ_*, T уақыт аралығында $t = T$ нүктесіне сол жақтан іргелес (яғни T -ге жақындағанда сол жақ шектен анықталатын) шешімі бар [3-7].

Есептің қойылымы. (7) теңдеуіне сүйене отырып, (1) бойынша үзіліссіз дифференциалдық теңдеуді келесі формада жазамыз:

$$\begin{cases} \dot{h}_1 = -h_1 u_1 - 2vf \\ \dot{h}_2 = -h_2 u_2 - 2vf \\ \dot{f} = f - 2vf - u_1 h_1 - u_2 h_2 \end{cases} \quad (18)$$

мұнда максимум мәнін беретін h_1, h_2 мен f_1 басқарушы параметрлерінің мәндерін табу керек.

$$\dot{x} = Ax + B(x)u + C(x)v, \quad (19)$$

$$x(0) = x_0,$$

Содан кейін (7) теңдеуіне сүйене отырып, (18) теңдеуін матрицалық түрге келтіріп аламыз.

$$A_f = \begin{pmatrix} -1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & -1 \end{pmatrix} f, B_u = \begin{pmatrix} -h_1 & 0 \\ 0 & -h_2 \\ -h_1 & -h_2 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} u_1 \\ u_2 \end{pmatrix}, c_v = \begin{pmatrix} -2f \\ -2f \\ f \end{pmatrix} v.$$

Басқару сапасы келесі квадраттық функционалмен беріледі.

$$J = \frac{1}{2} \int_{t_0}^T (x^* Q_{(x)} x + u^* R_1 u - v^* R_2 v) dt + \frac{1}{2} x^*(T) F x(T) \quad (20)$$

Мұнда Q, R_1, R_2, F тиісінше $(n \times n)$ және $(m \times m)$ өлшемді берілген матрицалар; олар симметриялық, үздіксіз әрі шектелген болады және $Q(t) \geq 0$ (теріс емес анықталған), $R(t) > 0$ (біртекті оң анықталған) шарттарын қанағаттандырады.

Сондай-ақ $x^* = (h_1, h_2, f)$, «*» мұндағы «*» белгісі матрицаны (векторды) транспозициялау (transpose) операциясын білдіреді.

$$Q_i = \begin{pmatrix} q_1 & 0 & 0 \\ 0 & q_2 & 0 \\ 0 & 0 & q_3 \end{pmatrix} > 0, R_1 = \begin{pmatrix} r_{11} & 0 \\ 0 & r_{12} \end{pmatrix} > 0, R_2 > 0,$$

$$F = \begin{pmatrix} 5 & 0 & 0 \\ 0 & 5 & 0 \\ 0 & 0 & 5 \end{pmatrix}.$$

Гамильтон-Якоби-Беллман теңдеуі келесі түрде болады.

$$\min_u \max_v \left\{ \frac{\partial E}{\partial t} + \left(\frac{\partial E}{\partial x} \right)^* (Ax + Bu + Cv) + \frac{1}{2} x^* Q_{(x)} x + \frac{1}{2} u^* R_1 u - \frac{1}{2} v^* R_2 v \right\} = 0$$

$$\begin{aligned} \frac{\partial E}{\partial t} + \left(\frac{\partial E}{\partial x} \right)^* \left(Ax + BR_1^{-1} B^* \frac{\partial E}{\partial x} + CR_1^{-1} C^* \frac{\partial E}{\partial x} \right) + \frac{1}{2} u^* R_1 u - \frac{1}{2} v^* R_2 v + \frac{1}{2} x^* Q_{(x)} x = \\ = \frac{\partial E}{\partial t} + \left(\frac{\partial E}{\partial x} \right)^* Ax - \frac{1}{2} \left(\frac{\partial E}{\partial x} \right)^* (BR_1^{-1} B^* - CR_1^{-1} C^*) \frac{\partial E}{\partial x} + \frac{1}{2} x^* Q_{(x)} x = 0 \end{aligned}$$

u және v қажетті мәндері үшін келесі өрнектерді табамыз:

$$\begin{cases} u = -R_1^{-1} B_{(x)}^* \frac{\partial E}{\partial x}, \\ v = R_2^{-1} C_{(x)}^* \frac{\partial E}{\partial x} \end{cases} \quad (21)$$

Теорема 1-дің шарттарын қанағаттандыратын $E(t, x)$ функциясын табу талап етіледі. Бұл функция квадраттық форма түрінде, яғни

$$E(t, x) = \frac{1}{2} x^* K x \quad (22)$$

түрінде іздестірілсін.

$$\text{Онда} \quad \frac{1}{2} x^* (\dot{K} + KA + A^* K + KBR_1^{-1} B^* K + KCR_2^{-1} C^*) K + Q_{(x)} x = 0$$

$$\dot{K} = -KA - A^* K + K(BR_1^{-1} B^* - CR_2^{-1} C^*) K - Q_{(x)}, K(T) = F$$

мұндағы $K \rightarrow 3 \times 3$, $K = \begin{pmatrix} K_{11} & K_{12} & K_{13} \\ K_{21} & K_{22} & K_{23} \\ K_{31} & K_{32} & K_{33} \end{pmatrix} > 0$ үш өлшемді квадраттық матрица

болады.

$$KA = \begin{pmatrix} K_{11} & K_{12} & K_{13} \\ K_{21} & K_{22} & K_{23} \\ K_{31} & K_{32} & K_{33} \end{pmatrix} \begin{pmatrix} -1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & -1 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} -K_{11} & -K_{12} & -K_{13} \\ -K_{21} & -K_{22} & -K_{23} \\ -K_{31} & -K_{32} & -K_{33} \end{pmatrix};$$

$$KA^* = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 \\ K_{31} & K_{32} & K_{33} \end{pmatrix};$$

$$\dot{K} = 2 \begin{pmatrix} -K_{11} & -K_{12} & -K_{13} \\ -K_{21} & -K_{22} & -K_{23} \\ -K_{31} & -K_{32} & -K_{33} * 2 \end{pmatrix} - \begin{pmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & 2 & 0 \\ 0 & 0 & 3 \end{pmatrix};$$

$$K(T) = F = \begin{pmatrix} 5 & 0 & 0 \\ 0 & 5 & 0 \\ 0 & 0 & 5 \end{pmatrix}, t = 0.5, T = 5.$$

Алдымен K матрицасын анықтап, оны (21) және (22) теңдеулеріне қоямыз. Нәтижесінде u, v және E шамаларының мәндері табылады. Бұдан кейін алынған u және v мәндерін (19) өрнегіне қоямыз. Осылайша (18) жүйесі Рунге–Кутта әдісі арқылы сандық түрде шешіледі [7–10].

Жүргізілген есептеу эксперименттері:

Тұрақты функциялар үшін келесі мәндер берілді.

$$A = \begin{pmatrix} -1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & -1 \end{pmatrix}, F = \begin{pmatrix} 5 & 0 & 0 \\ 0 & 5 & 0 \\ 0 & 0 & 5 \end{pmatrix}, Q = \begin{pmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & 2 & 0 \\ 0 & 0 & 3 \end{pmatrix},$$

$$B = \begin{pmatrix} -20 & 0 \\ 0 & -15 \\ -20 & -15 \end{pmatrix}, C = (-10, -10, -5), R_1 = \begin{pmatrix} 400 & 0 \\ 0 & 400 \end{pmatrix}, R_2 = 1/500,$$

$$x = \begin{pmatrix} 20 \\ 15 \\ 10 \end{pmatrix}, K = \begin{pmatrix} 5.5e^{2T}e^{-2t} - \frac{1}{2} & 0 & 0 \\ 0 & 6e^{2T}e^{-2t} - 1 & 0 \\ 0 & 0 & \frac{13}{2}e^{2T}e^{-2t} - \frac{3}{2} \end{pmatrix}.$$

$$R_1^{-1} = \begin{pmatrix} 0.5 & 0 \\ 0 & 0.5 \end{pmatrix}, B^T = \begin{pmatrix} -20 & 0 & -20 \\ 0 & -15 & -15 \end{pmatrix}.$$


$$R_1^{-1} B^T = \begin{pmatrix} 0.5 & 0 \\ 0 & 0.5 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} -20 & 0 & -20 \\ 0 & -15 & -15 \end{pmatrix} = - \begin{pmatrix} -10 & 0 & -10 \\ 0 & -7.5 & -7.5 \end{pmatrix}.$$

$$Kx = \begin{pmatrix} 5 & 0 & 0 \\ 0 & 5 & 0 \\ 0 & 0 & 5 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} 20 \\ 15 \\ 10 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 100 \\ 75 \\ 50 \end{pmatrix}.$$

$$u = R_1^{-1} B^T K x = \begin{pmatrix} 10 & 0 & 10 \\ 0 & 7,5 & 7,5 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} 100 \\ 75 \\ 50 \end{pmatrix} = (7.5 \ 4.69), \quad v = -4.5.$$

$$u > 1, u = 1, v > -1, u = -1, \quad u_1 = 1, u_2 = 1, v = -1.$$

Осы табылған мәндерді Рунге–Кутта әдісі арқылы сандық түрде есептеу нәтижесінде төменде келтірілген график алынады.




Сурет 1. Инвесторлардың инестициалық жобаларды қаржыландыру траекториясы

Айнымалы функциялар үшін алынған нәтижелер.

$$X = (20, 15, 30), R_1 = \begin{pmatrix} 400 & 0 \\ 0 & 400 \end{pmatrix}, R = 500, T = 5, K = \begin{pmatrix} 0,5 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 3/2 \end{pmatrix}.$$

Осы табылған мәндерді Рунге–Кутта әдісі арқылы сандық түрде анықтау нәтижесінде төменде келтірілген график алынады.



Сурет 2. Инвесторлардың инестициалық жобаларды қаржыландыруларының өзгеру динамикасы

Қорытынды

Зерттеу барысында кәсіпорындарды цифрландыруға бағытталған инвестициялық жобаларды бағалауға арналған шешім қабылдауды қолдау моделі ұсынылды. Модель тұрақты және айнымалы параметрлер жағдайында төртінші ретті Рунге–Кутта әдісі арқылы есептеліп, Python және Matlab орталарында тексерілді. Алынған нәтижелер ұсынылған тәсілдің инвестициялық шешімдерді негіздеуде тиімді әрі практикалық тұрғыдан қолдануға жарамды екенін көрсетті. Сонымен қатар модель инвестициялық процестің динамикасын талдауға және әртүрлі сценарийлер жағдайында инвесторлардың стратегияларын бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері цифрлық жобаларды жоспарлау мен басқаруда қолданбалы маңызға ие.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- [1] <https://www.bugin.kz/18839-tsifrlyq-tekhnologiyalar>.
- [2] Isaacs, R. *Differential Games: A Mathematical Theory with Applications to Warfare and Pursuit, Control and Optimization*. — New York: John Wiley & Sons, 1965. — 384 p.
- [3] Başar, T., Olsder, G. J. *Dynamic Noncooperative Game Theory*. — SIAM, 1999.
- [4] Dockner, E., Jørgensen, S., Van Long, N., Sorger, G. *Differential Games in Economics and Management Science*. — Cambridge University Press, 2000.
- [5] Krasovskii, N. N., Subbotin, A. I. *Game-Theoretical Control Problems*. — Springer, 1988.
- [6] Akhmetov, B. B., Lakhno, V. A., Akhmetov, B. S., & Malyukov, V. P. *The Choice of Protection Strategies During the Bilinear Quality Game On Cyber Security Financing*. *Bulletin of The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, (3), - 2018. -P.6–14.
- [7] Malyukov, V.P. (1993). *Discrete-approximation method for solving a bilinear differential game*, *Cybernetics and Systems Analysis*, 29(6), pp. 879 - 888. DOI: [https://doi.org/10.1016/0041-5553\(89\)90001-3](https://doi.org/10.1016/0041-5553(89)90001-3)
- [8] Akhmetov, B., Lakhno, V., Akhmetov, B., Alimseitova, Z. *Development of sectoral intellectualized expert systems and decision making support systems in cybersecurity*, *Advances in Intelligent Systems and Computing*, Vol. 860. - 2019. -P. 162-171. - DOI: [10.1007/978-3-030-00184-1_15](https://doi.org/10.1007/978-3-030-00184-1_15)
- [9] Smit, H. T., & Trigeorgis, L. (2015). *Flexibility and games in strategic investment*.
- [10] Arasteh, A. (2017). *Considering the investment decisions with real options games approach*. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 72, pp. 1282-1294. - DOI: [10.1016/j.rser.2016.10.043](https://doi.org/10.1016/j.rser.2016.10.043)

References

- [1] <https://www.bugin.kz/18839-tsifrlyq-tekhnologiyalar>.
- [2] Isaacs, R. *Differential Games: A Mathematical Theory with Applications to Warfare and Pursuit, Control and Optimization*. — New York: John Wiley & Sons, 1965. — 384 p.
- [3] Başar, T., Olsder, G. J. *Dynamic Noncooperative Game Theory*. — SIAM, 1999.
- [4] Dockner, E., Jørgensen, S., Van Long, N., Sorger, G. *Differential Games in Economics and Management Science*. — Cambridge University Press, 2000.
- [5] Krasovskii, N. N., Subbotin, A. I. *Game-Theoretical Control Problems*. — Springer, 1988.
- [6] Akhmetov, B. B., Lakhno, V. A., Akhmetov, B. S., & Malyukov, V. P. *The Choice of Protection Strategies During the Bilinear Quality Game On Cyber Security Financing*. *Bulletin of The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, (3), - 2018. -P.6–14.
- [7] Malyukov, V.P. (1993). *Discrete-approximation method for solving a bilinear differential game*, *Cybernetics and Systems Analysis*, 29(6), pp. 879-888. - DOI: [https://doi.org/10.1016/0041-5553\(89\)90001-3](https://doi.org/10.1016/0041-5553(89)90001-3)
- [8] Akhmetov, B., Lakhno, V., Akhmetov, B., Alimseitova, Z. *Development of sectoral intellectualized expert systems and decision making support systems in cybersecurity*, *Advances in Intelligent Systems and Computing*, Vol. 860. - 2019. -P. 162-171. - DOI: [10.1007/978-3-030-00184-1_15](https://doi.org/10.1007/978-3-030-00184-1_15)
- [9] Smit, H. T., & Trigeorgis, L. (2015). *Flexibility and games in strategic investment*.
- [10] Arasteh, A. (2017). *Considering the investment decisions with real options games approach*. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 72, pp. 1282-1294. - DOI: [10.1016/j.rser.2016.10.043](https://doi.org/10.1016/j.rser.2016.10.043)

С.Қ. Сағынғалиева^{1*}, М.С. Тунгатарова^{2,1}¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан² К. Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық зерттеу техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: sagingaliyeva.samal@mail.ru

ҚАПТАМАЛЫ-ҚҰБЫРЛЫ ЖЫЛУАЛМАСТЫРҒЫШТАҒЫ ЖЫЛУ АЛМАСУ ПРОЦЕСІН ЖӘНЕ ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ЛАСТАНУ ҚАБАТЫНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ*Аңдатпа*

Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштар жылу энергетикасында, мұнай-газ өнеркәсіптерінде және химиялық инженерияда салқындату, қыздыру, булану процестерінде қолданылады. Бұл мақалада қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштағы жылу алмасу процесі зерттелді. Модельде құбырлар және қаптамадағы турбулентті ағын RANS (Reynolds-Averaged Navier–Stokes) теңдеулері арқылы сипатталды. Орташаландырылғаннан кейін, пайда болатын белгісіздерді шешу үшін, яғни жүйені тұйықтау мақсатында k - ε турбуленттік моделі қолданып, турбулентті параметрлер тәжірибелік деректер негізінде алынды. Алынған нәтижелер тәжірибелік нәтижелермен салыстырып, орташа салыстырмалы қате 1,59-1,68 % аралығында анықталып, модельдің есептеу дәлдігі және де физикалық процесті нақты сипатталғанына көз жеткізілді. Верификацияланған модель негізінде қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштағы құбырларда судағы тұздар мен бөлшектердің шөгуінен және коррозия өнімдерінің жиналуы нәтижесінде түзілетін ластану қабаты зерттелді. Нәтижелер көрсеткендей, ластану қабатының қалыңдауы жылуөткізгіштік коэффициентінің төмендеуіне, құбыр температураларының өсуіне және де жылуалмасу процесін тежеуіне алып келді. Алынған нәтижелер қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштардың тиімділігін арттыру және конструкциясын жетілдіру үшін, сонымен қатар энергетика және өнеркәсіп салаларында энергияны үнемдеу мақсатында және ластану процестерін азайту стратегияларын дайындау үшін қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыш, жылу алмасу, термиялық кедергі, COMSOL Multiphysics, сандық талдау, верификация.

S.K. Sagyngaliyeva¹, M.C. Tunggatarova^{2,1}¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan²Satbayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan**INVESTIGATION OF THE HEAT TRANSFER PROCESS IN A SHELL-AND-TUBE HEAT EXCHANGER AND THE EFFECT OF TUBE FOULING LAYER***Abstract*

Shell-and-tube heat exchangers are used in the power generation, oil and gas, and chemical industries for cooling, heating, and evaporation. This article examines the heat transfer process in a shell-and-tube heat exchanger. Turbulent flow in the tubes and shell is described in a model using the Reynolds-averaged Navier–Stokes (RANS) equations. After averaging, turbulent parameters were obtained from experimental data using the k - ε turbulence model to solve the unknowns, i.e., to close the system. The obtained results were compared with experimental data, and the average relative error was 1,59 – 1,68%, confirming the accuracy of the model and an accurate description of the physical process. Using the validated model, a fouling layer formed on the tubes of a shell-and-tube heat exchanger due to the deposition of salts and particles in water and the accumulation of corrosion products was studied. The results showed that a thickening of the fouling layer led to a decrease in the thermal conductivity coefficient, an increase in the tube temperature, and a slowdown in the heat transfer process. The results obtained can be used to improve the efficiency and design of shell-and-tube heat exchangers, as well as to develop energy conservation and pollution reduction strategies in the energy and industrial sectors.

Keywords: shell-and-tube heat exchanger, heat transfer, thermal resistance, COMSOL Multiphysics, numerical analysis, verification.

С.Қ. Сағынғалиева^{*1}, М.С. Тунгатарова^{2, 1}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

²Казахский национальный исследовательский технический университет имени К. Сатпаева,
г.Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА ТЕПЛООБМЕНА В КОЖУХОТРУБНОМ ТЕПЛООБМЕННОМ АППАРАТЕ И ВЛИЯНИЯ СЛОЯ ЗАГРЯЗНЕНИЯ ТРУБЫ

Аннотация

Кожухотрубные теплообменники используются в теплоэнергетике, нефтегазовой промышленности и химической промышленности для охлаждения, нагрева и испарения. В данной статье исследуется процесс теплопередачи в кожухотрубном теплообменнике. Турбулентное течение в трубах и кожухе описывается в модели с использованием уравнений RANS (усредненные по Рейнольдсу уравнения Навье-Стокса). После усреднения турбулентные параметры были получены на основе экспериментальных данных с использованием k-ε модели турбулентности для решения возникающих неизвестных, т.е. для замыкания системы. Полученные результаты были сопоставлены с экспериментальными данными, и средняя относительная погрешность составила 1,59-1,68%, что подтверждает точность модели и точное описание физического процесса. На основе проверенной модели исследован слой загрязнения, образующийся на трубах кожухотрубного теплообменника вследствие отложения солей и частиц в воде и накопления продуктов коррозии. Результаты показали, что утолщение слоя загрязнений привело к снижению коэффициента теплопроводности, повышению температуры труб и замедлению процесса теплопередачи. Полученные результаты могут быть использованы для повышения эффективности и улучшения конструкции кожухотрубных теплообменников, а также для разработки стратегий энергосбережения и снижения загрязнения в энергетическом и промышленном секторах.

Ключевые слова: кожухотрубный теплообменник, теплопередача, тепловое сопротивление, COMSOL Multiphysics, численный анализ, верификация.

Кіріспе

Қазіргі таңда энергия шығыны – әр саланың өзекті мәселесі болып отыр. Энергия шығынының көздері мен туындау себептерін білу, тиімділікті арттыруға, шығындарды азайтуға және әртүрлі салалардағы қоршаған ортаға әсерді азайту үшін өте маңызды. Өнеркәсіпте тұтынылатын энергияның шамамен 20–50 %-ы әртүрлі жылу жоғалтулары арқылы жоғалады [1]. Өндіріс, химиялық өңдеу және электр энергиясын өндіру сияқты термиялық процестерге сүйенетін салалар жылудың таралуына байланысты энергия шығындарына ұшырайды. Бұл тиімсіз жану, жылуалмастырғыштардағы жылу беру шығындары және қалдық жылуды пайдаланбау салдарынан болуы мүмкін. Қазіргі заманғы жылуды қалпына келтіру жүйелері және оңтайландырылған жылу басқару әдістері бұл шығындарды азайта алады [2]. Бұл жүйелердің тиімді жұмысы, ең алдымен жылу алмасу процесімен тікелей байланысты болып келеді. Оның қарқындылығына, сонымен қатар құрылғылардың сипаттамаларына байланысты.

Жылу алмасу процесі энергетика саласында аса маңызды рөл атқарады, өйткені жылу энергиясын тиімді басқару жаңартылатын энергия технологияларын әзірлеу мен оңтайландыру үшін өмірлік маңызға ие [3]. Жылу алмасу – дененің өзіне ешқандай жұмыс жасамай, оның ішкі энергиясын өзгерту процесі. Жылу алмасу әрқашан белгілі бір бағытта жүреді: температурасы жоғары денелерден температурасы төмен денелерге қарай. Денелердің температурасы теңескенде, жылу алмасу тоқтайды [4].

Энергетика саласындағы жылуалмасу құрылғылары түрлі аппараттардың жиынтығы болып табылады, олардың негізгі бөлігін жылуалмастырғыштар құрайды. Тұтастай жүйенің тиімділігі, ең алдымен, негізгі жылуалмастырғыштардың конструкциясына және жылу беру коэффициентіне тәуелді [5]. Жылуалмастырғыштар бірнеше түрге бөлініп, ажыратылады. Оларға пластиналы жылуалмастырғыштар, спиральді жылуалмастырғыштар, қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштар және т.б. жатады [6]. Мұнай өңдеу зауыттарында және басқа ірі химиялық процестерде көп таралған түрі - қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыш болып

табылады. Бұл жылуалмастырғыш ішінде құбырлар шоғыры бар қаптамадан тұрады. Бір сұйықтық құбырлар арқылы өтеді, ал екінші сұйықтық қаптама арқылы өтеді, яғни сұйықтықтар бір-бірімен араласпайды [7].

Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың жұмыс істеу принципі келесідей: Бірінші сұйықтық құбырлар арқылы, екінші сұйықтық құбырлардың сыртын, яғни қаптама кеңістігін ағып өтеді. Екі орта арасындағы жылуөткізгіш қабырға арқылы жылу беріледі. Егер қаптама кеңістігінде ыстық сұйықтық болған жағдайда ол қабырға арқылы жылуын береді, ал салқын сұйық сол жылууды қабылдайды. Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштардың негізгі бірнеше түрі бар, олардың қатарында: бекітілген құбыр торлары бар, температура компенсаторымен, қалқымалы басымен, иілген пішінді (U-тәрізді) және т.б. [8]. Бұл мақалада қалқымалы басты қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыш қарастырылады.

Сонымен қатар қаптама ішінде қалақшалар орналасады, олар ағындарда турбуленттіліктің пайда болуына септігін тигізіп, ағынды бағыттап отырады. Конструкциясына келетін болсақ, қалақшалардың саны жылуалмасу процесіне айтарлықтай әсер етеді. Қосымша қалақшаларды пайдалану, бастапқы көлденең бөгеттердің санын азайтуға мүмкіндік береді, осылайша салқындатқыш сұйықтық ағынының жылдамдығын және құбыраралық кеңістіктегі гидравликалық кедергіні төмендетеді. Сонымен қатар ағынның тиімді таралуына қол жеткізіледі [9]. Қалақшалардың саны ғана емес, геометриялық ерекшеліктері де жылуалмасу процесіне айтарлықтай әсер етеді. Түрлеріне қарай сегменттік, екі сегментті және бұрандалы болып ажыратылады. Мысалы, [10] мақаласында зерттеу нәтижелері қалқалар саны мен түрінің қысымның төмендеуіне және ағын құрылымына елеулі әсер ететінін көрсетті.

Бүгінгі таңда ластану көптеген салалардағы ең өзекті мәселелердің бірі. Бірқатар алдыңғы дамыған елдер үшін ластанудың жалпы құны 4,4 млрд АҚШ долларын құрайды деп бағаланады. Әдеби деректерге сүйенсек, индустриялық елдерде жылуалмастырғыштардың ластануынан болатын шығындар олардың ЖІӨ-нің 0,25%-дан 30%-ға дейінін құрайды [11]. Pritchard and Thackery (Harwell Laboratories) мәліметтері бойынша, технологиялық жабдықтарды күтіп ұстау шығындарының шамамен 15 %-ы жылуалмастырғыштар мен қазандықтарға жатады және олардың жартысы ластануға байланысты болуы мүмкін. Пластиналардың ластану жылдамдығы пайдаланылатын ресурстардың сапасына және қондырғыдағы ағын жолының параметрлеріне тікелей байланысты. Ластану қабаттары – қақ, майлы, органикалық немесе тұздық қоспалардан пайда болатын жұқа қабықшалар.


Мұндай шөгінділер мен қабықтардың пайда болуы қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштардың оңтайлы жұмыс істеуіне елеулі кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар ресурстардың жұмсалуды көбейтіп, қызмет көрсету шығындары арта түседі [12]. Бұл жұмыста құбырлардағы ластанудың қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың жылуөткізгіштігіне қалай әсер ететіндігі қарастырылды. Мұндай ластанулар жылуөткізгіштік бетінде қосымша термиялық кедергі тудырып, соның нәтижесінде жылуалмасу коэффициенті айтарлықтай төмендейді.

Зерттеу әдіснамасы


Есептің физикалық қойылымы.

Есепте қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың қалқымалы басы бар түрі қолданылады. Модельдеу барысында екі тәжірибе қарастырылады. Жылу алмасу процесі екі механизм арқылы жүзеге асырылады. Ыстық орта өзінің жылуын металл қабырғаға береді, ол жылу содан соң металл қабырғасы арқылы жылуөткізгіштік арқылы беріліп, салқын ортаның температурасын жоғарылатады. Жылуалмастырғыштың конструкциялық материалы ретінде болат таңдап алынды. Болаттың физикалық және жылулық қасиеттері: меншікті жылу сыйымдылығы $c_p = 475 \text{ Дж/кг} \cdot \text{К}$, тығыздығы $\rho = 7850 \text{ кг/м}^3$, жылуөткізгіштігі $k = 44,5 \text{ Вт/м} \cdot \text{К}$. Сұйықтықтың құбыр бойымен ағып өтуі 1-суретте (а), ал қаптама бөлігінде ағып өтуі 1-суретте (ә) көрсетілген.

а)



ә)




Сурет 1. Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың құбырлар (а) және қаптама (ә) бөлімі

Есепте [9] мақалаға сәйкес, бірінші тәжірибеде құбыр бойымен салқын су, ал қаптама бойымен ыстық су берілсе, екінші тәжірибеде құбыр бойымен ыстық су, қаптама бойымен салқын су беріледі. Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың параметрлері 1-кестеде және кірісіндегі ағынның сипаттамалары 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың геометриялық параметрлері

Параметр атауы	Мәндері және өлшем бірліктері
Қаптаманың ішкі диаметрі	147 мм
Қаптама қабырғасының қалыңдығы	6 мм
Құбырлардың сыртқы диаметрі	16,5 мм
Құбыр қабырғасының қалыңдығы	2 мм
Құбырлардың ұзындығы	578 мм
Құбырлардың саны	20 шт
Құбыр жағындағы жүрістер саны	4
Көлденең қалақшалар арасындағы арақашықтық	71 мм
Қалақша ойығының биіктігі	31,6 мм
Қалқалар саны	6 шт
Жылуалмасу бетінің ауданы	0,56 м ²
Қалақша мен қаптаманың ішкі беті арасындағы радиалды саңылау	0,8 мм
Қалақша тесіктері мен құбырлар арасындағы радиалды саңылау	0,4 мм

Сандық есептеу жүргізілетін қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың геометриясы және жұмыс орталары 2-суретте көрсетілген. Ағынның бағыты – қарсы ағынды.



Сурет 2. Қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштың жұмыс орталары

Есептің математикалық қойылымы

Бұл модель массаның, импульстің және энергия сақталу заңдарына негізделген. Сығылмайтын сұйық үшін, масса сақталу заңы (1) келесі түрде жазылады:

$$\begin{aligned}\rho &= \text{const} \\ \nabla \cdot u &= 0\end{aligned}\tag{1}$$

мұндағы:

ρ – сұйықтықтың тығыздығы, кг/м³

u – жылдамдық векторы, м/с

Сұйықтықтың қозғалысын анықтайтын негізгі динамикалық теңдеу, импульстің сақталу заңы Навье-Стокс теңдеуі (2) арқылы өрнектеледі.

$$\rho(u \cdot \nabla)u = -\nabla p + \mu \nabla^2 u + \rho f\tag{2}$$

мұндағы:

p – қысым, Па

μ – динамикалық тұтқырлық коэффициенті, Па · с

f – сыртқы күштер (көлемдік күштер), Н/м³

Бұл теңдеу сұйықтың қозғалысы кезіндегі тұтқырлық, қысым, сонымен қатар сыртқы күштер тепе-теңдігін сипаттайды.

Турбулентті қозғалыс кезінде жылдамдық пен қысым тұрақты болмайды, сондықтан да олар орташа және ауытқу бөліктеріне жіктеледі.

$$\begin{aligned}u &= \bar{u} + u' \\ p &= \bar{p} + p'\end{aligned}$$

Бұларды Навье-Стокс теңдеуіне (2) қойып, орташа алатын болсақ, теңдеу келесідей өрнектеледі:

$$\rho(\bar{u} \cdot \nabla)\bar{u} = -\nabla \bar{p} + \mu \nabla^2 \bar{u} - \nabla \cdot (\overline{\rho u' u'}) + \rho f\tag{3}$$

(3)-теңдеуінде $-\nabla \cdot (\overline{\rho u' u'})$ жаңа мүше, яғни Рейнольдс кернеу тензоры пайда болады, нәтижесінде жүйе тұйықталмаған күйге өтеді. Жүйені тұйықтау мақсатында Буссинеск гипотезасы енгізіліп, ондағы турбулентті кернеулер орташа жылдамдық градиенттеріне пропорционал деп есептеледі.

$$-\nabla \cdot (\overline{\rho u' u'}) \approx \nabla \cdot [\mu_t (\nabla u + (\nabla u)^T)] - \frac{2}{3} \rho \nabla k\tag{4}$$

$$\mu \nabla^2 u \approx \nabla \cdot [\mu (\nabla u + (\nabla u)^T)] - \nabla \cdot \left(\frac{2}{3} \mu \nabla \cdot u \right)\tag{5}$$

(4) және (5) теңдеулерін (3) теңдеуге енгізіп, (1) теңдеуді ескеретін болсақ, Навье-Стокс теңдеуі келесі түрде жазылады:

$$\rho(u \cdot \nabla)u = -\nabla \bar{p} + \nabla \cdot [(\mu + \mu_t) (\nabla u + (\nabla u)^T)] - \frac{2}{3} \rho \nabla k + \rho f\tag{6}$$

Осылайша турбуленттілік тұтқырлық μ_t енгізіліп, Рейнольдс кернеу тензоры келесі түрде өрнектеледі және μ_t - сандық түрде есептеу үшін, k - ε моделін қолданамыз.

$$\mu_t = \rho C_\mu \frac{k^2}{\varepsilon}\tag{7}$$

мұндағы:

k – турбуленттік кинетикалық энергия, $\text{м}^2/\text{с}^2$

ε – турбуленттік диссипация жылдамдығы

k және ε (8) және (9) теңдеулерінен табылады.

$$\rho(u \cdot \nabla)k = \nabla \cdot \left[\left(\mu + \frac{\mu_t}{\sigma_k} \right) \nabla k \right] + P_k - \rho \varepsilon \quad (8)$$

$$\rho(u \cdot \nabla)\varepsilon = \nabla \cdot \left[\left(\mu + \frac{\mu_t}{\sigma_\varepsilon} \right) \nabla \varepsilon \right] + C_{\varepsilon 1} \frac{\varepsilon}{k} P_k - C_{\varepsilon 2} \frac{\varepsilon^2}{k} \rho \quad (9)$$

Температураның кеңістік бойынша таралуы жылу тасымалы теңдеуімен сипатталады:

$$\rho c_p (u \cdot \nabla T) = \nabla \cdot [(k + k_t) \nabla T] \quad (10)$$


$$k_t = \frac{\mu_t c_p}{Pr_t} \quad (11)$$

Бастапқы шарттары: 1 және 2 тәжірибелерде келесідей бастапқы шарттар қабылданған:

$$T_0 = 27^\circ\text{C}$$

$$P_0 = 0,1 \text{ МПа}$$

Шекаралық шарттары: Модельдің геометриялық параметрлері, бастапқы және шекаралық шарттары 3-суретте көрсетілді, мәндері толығымен [9] мақаладан алынды.



Сурет 3. Есептің шекаралық шарттары

Зерттеу нәтижелері

Математикалық модельге сәйкес, жылуалмастырғыштағы және құбырлардағы жылуалмасу процесі бірінші және екінші режимдер бойынша есептелді (2-кесте). Бұл есептеулерде әртүрлі ағын шарттары, температура айырмашылықтары және жылуөткізгіштік қасиеттері ескерілді. Тәжірибелік және сандық модель нәтижелерінің айырмашылығын бағалау мақсатында орташа квадраттық ауытқу (RMSD) формуласы қолданылды. Сонымен қатар модельдің дәлдігін бағалау үшін орташа салыстырмалы қателік $\delta_{average}$ формуласы қолданылды.


$$\text{RMSD} = \sqrt{\frac{1}{n} \sum_{i=1}^n (T_{num,i} - T_{exp,i})^2}$$

$$\delta_{average} = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n \left| \frac{T_{num,i} - T_{exp,i}}{T_{exp,i}} \right| \times 100\%$$

$T_{num,i}$ – сандық нәтижелер


$T_{exp,i}$ – тәжірибе нәтижелері

1 тәжірибе бойынша бастапқы шарттарды ыстық су қаптама арқылы 324,32 К, салқын су құбыр арқылы 284,32 К температурамен берілген. Құбыр және қаптама бойымен ағып өтетін судың температура өрісі сәйкесінше 4-суретте (а) және (ә) белгіленіп көрсетілген. Нәтижесінде қаптама шығысында температура 313,98 К құраса, құбыр арқылы 293,04 К құрады.



Сурет 4. Құбыр (а) және қаптама (ә) бойымен ағып өтетін судың температура өрісі

2 тәжірибедегі ыстық су құбыр арқылы 322,85 К, салқын су қаптама арқылы 282,65 К температурамен берілген. Нәтижесінде қаптама шығысында температура 292,15 К құраса, құбыр арқылы 310,65 К құрады. 2 тәжірибедегі құбыр және қаптама бойымен ағып өтетін судың температура өрісі сәйкесінше 5-суретте (а) және (ә) белгіленіп көрсетілген.



Сурет 5. Құбыр (а) және қаптама (ә) бойымен ағып өтетін судың температура өрісі

Тәжірибелік және сандық модель нәтижелерін бағалау мақсатында орташа квадраттық ауытқу (RMSD) және салыстырмалы қателік есептелді. Бірінші тәжірибе нәтижесінде RMSD = 0,43 °C және салыстырмалы қателік 1,68 %, ал екінші тәжірибе үшін RMSD = 0,47 °C және салыстырмалы қателік 1,59 % құрады. Бұл көрсеткіштер тәжірибелік және сандық модельдің

жақсы сәйкестігін көрсетеді. Айырмашылықтың пайда болу себебі, тордың тығыздығы, элементтер саны және сандық бағдарламадағы дискретизация ерекшеліктерінен болуы ықтимал.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер COMSOL Multiphysics бағдарламасында құрылған модельдің физикалық процестерді дұрыс сипаттайтынын және әрі қарай талдауға жарамды екенін көрсетеді.

Кесте 2. Тәжірибе нәтижелері және сандық нәтижелердің айырмашылығы мен қателігін салыстыру

Тәжірибе	Бөлімі	Тәжірибе	COMSOL Multiphysics	ΔT	Орташа квадраттық ауытқу (RMSD)	Орташа салыстырмалы қателік $\delta_{average}$
№1	Құбыр	40,9 °C	40,8 °C	0,1 °C	0,43 °C	1,68 %
	Қаптама	19,2 °C	19,8 °C	0,2 °C		
№2	Құбыр	19,3 °C	19 °C	0,3 °C	0,47 °C	1,59 %
	Қаптама	36,9 °C	37,5 °C	0,6 °C		

Сандық модель физикалық тұрғыдан расталғаннан кейін құбырларда пайда болатын термиялық ластанудың әсері зерттелді. Термиялық кедергі – құрылғының әртүрлі агрессивті орталарда жұмыс істеуі салдарынан туындайтын ластану қабаты. Сандық модельді растау кезеңінде қолданылған бастапқы және шекаралық шарттар өзгеріссіз қалды. Ластану деңгейлеріне байланысты термиялық кедергі R_f мәндері 2×10^{-5} , 1×10^{-4} , 5×10^{-4} , 1×10^{-3} , $2 \times 10^{-3} \text{ м}^2 \cdot \text{К/Вт}$ диапазонында берілді (3-кесте).


Кесте 3. Термиялық кедергі қабатының қалыңдығына қарай, шығыс температураларының өзгерісі

Сипаттамасы	Термиялық кедергі, $R_f, \text{ м}^2 \cdot \text{К/Вт}$	1 тәжірибе		2 тәжірибе	
		Құбыр	Қаптама	Құбыр	Қаптама
Өте таза құбыр	2×10^{-5}	293,04 K	313,98 K	310,65 K	292,15 K
Ішкі бетінде аз мөлшерде шөгінділер бар	1×10^{-4}	292,76 K	314,17 K	310,84 K	291,87 K
Орташа шөгінділер қабаты, кейбір коррозиялық өнімдер	5×10^{-4}	291,57 K	315,02 K	311,69 K	290,68 K
Қалың масштабтағы шөгінділер	1×10^{-3}	290,54 K	315,82 K	312,49 K	289,65 K
Экстремалды түрдегі қалың қабатты шөгінділер	2×10^{-3}	289,12 K	316,86 K	313,53 K	288,23 K


Құбыр бойынан шыққан салқын судың температурасы 293,04 К-ден 289,12 К-ге дейін төмендегені 6-суретте (а), ал қаптама бойынан шыққан ыстық судың температурасы 313,98 К-ден 316,86 К-ге дейін көтерілгені 6-суретте (ә) байқалды.

Құбыр бойынан шыққан ыстық су температурасы 310,65 К-ден 313,53 К-ге дейін артқанын 7-суретте (а), ал қаптама бойынан шыққан салқын судың температурасы керісінше 292,15 К-ден 288,23 К-ге төмендегені 7-суретте (ә) байқалады.

Нәтижелер көрсеткендей, салқын судың температурасының төмендеуі, ластану қабатының жылуөткізгіштігінің нашарлауымен түсіндіріледі, нәтижесінде салқын су қажетті мөлшерде жылу қабылдай алмайды, ал ыстық судың температурасының жоғарылауы осы термиялық кедергінің кері нәтижесі, яғни жылу қабырғалар арқылы сыртқа өте алмай, ыстық сұйық ағынның ішінде сақталып қалады. Соған байланысты жылу беру қарқындылығы азайып, ыстық судың температурасы жоғары деңгейде сақталып тұрады. Бұл ластану қабатының жылу алмасу процесіне айтарлықтай үлкен кері әсерін тигізеді, сондықтан да жылуалмастырғыштың тиімділігін сақтап қалу үшін оны ескерудің маңыздылығын көрсетеді.



Сурет 6. 1 тәжірибе бойынша құбыр бойынан (а) және қаптама бойынан (б) шыққан сұйық температурасының ластану қабаты артқан кездегі өзгерісі.



Сурет 7. 2 тәжірибе бойынша құбыр бойынан (а) және қаптама бойынан (б) шыққан сұйық температурасының ластану қабаты артқан кездегі өзгерісі.

Дискуссия

Зерттеулер құбырлардың ластануы жылу беру тиімділігін айтарлықтай төмендететінін, бұл ластану қабаты қалыңдығының артуымен жалпы жылу беру коэффициентінің күрт төмендеуіне әкелетінін көрсетті. Бұл жылуалмастырғыштың жұмысының төмендеуіне және энергия тұтынудың артуына әкеледі. Модельді тексеру алынған деректердің дәлдігін растайды, бұл ластанудың әсерін сандық бағалауды инженерлік шешімдер қабылдау үшін маңызды етеді. Бұл нәтижелер өндірістің тоқтап қалу уақытын азайтуға, техникалық қызмет көрсету аралықтарын оңтайландыруға және энергия тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Бұл жұмыстың келесі кезеңі ретінде ластанудың уақыт бойынша динамикалық жиналуын модельдеу, әртүрлі материалдар мен геометриялардың ластануға төзімділігін бағалау қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, турбулентті ағындарды нақтырақ сипаттайтын озық LES (Large Eddy Simulation) немесе DNS (Direct Numerical Simulation) моделдерін енгізу

арқылы модельдің нақтылығы арттырылады. Өнеркәсіптік деңгейде оңтайландыру жұмыстарын жүргізу – мысалы, тазалау интервалының алдын ала есептелуі немесе ең тиімді құрылымды таңдау – зерттеудің келесі маңызды кезеңі болады.

Қорытынды

Бұл жұмыста қаптамалы-құбырлы жылуалмастырғыштағы жылу алмасу процесі COMSOL Multiphysics v.6.2 сандық бағдарламасында модельденді. Есептеу нәтижелері тәжірибелік нәтижелермен расталды. Расталу нәтижесінде орташа салыстырмалы қателік 1,59 – 1,68 % аралығында анықталып, модельдің физикалық процестерді нақты сипаттайтыны дәлелденді.

Расталған модель негізінде ластану қабатының әсері зерттелді. Нәтижесінде салқын судың температурасы төмендеп, ыстық судың температурасы жоғарылағаны байқалды. Бұл құбылыс жылуөткізгіштік беттерде термиялық кедергінің пайда болуымен және энергия алмасу теңгерімінің бұзылуымен түсіндіріледі.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер модельдің есептеу дәлдігін және ластану қабатының жылу алмасу процесіне әсерін нақты сипаттайтынын көрсетті. Бұл зерттеу нәтижелері, жылуалмастырғыштардың тиімділігін арттыру, конструкциясын оңтайландыру және энергия үнемдеу технологияларын жетілдіру үшін практикалық маңызға ие.

References

- [1] W. Murgatroyd, B. Wilkins, *The efficiency of electric motive power in industry*, Energy, 1976, vol. 1, pp. 337-345, [https://doi.org/10.1016/0360-5442\(76\)90065-7](https://doi.org/10.1016/0360-5442(76)90065-7)
- [2] Neelis M.L., Patel M.K., Bach P.W., Haije W.G. *Analysis of energy use and carbon losses in the chemical and refinery industries*, ECN Report, 2005, no. ECN-I--05-008, 82 p., <https://publications.tno.nl/publication/34629714/4P6aA5/i05008.pdf>
- [3] B. Sundén, *Computational Heat Transfer in Heat Exchangers*, Heat Transfer Engineering, 2011, vol. 28, pp. 895-897 <https://doi.org/10.1080/01457630701421661>
- [4] T. Elson, P. Lettieri, Chapter 4: *An Introduction to Heat Transfer*, Concepts of Chemical Engineering 4 Chemists, 2007, pp. 96-138 <https://doi.org/10.1039/9781847557674>
- [5] S. Chalimah, I. Maulana, R. Setyobudi, A. Sandrina, R.B. Anggoro, E.S. Buana, M.A. Kartiko, M.A. Alhalim, *Analysis of Efficiency and Heat Transfer Coefficient in the Performance Evaluation of Shell and Tube Heat Exchanger*, Biomedical and mechanical engineering journal, 2024, vol. 4 <https://doi.org/10.33005/biomej.v4i2.129>
- [6] K. Thulukkanam, *Heat Exchanger Design Handbook*, Engineering & Technology, Mathematics & Statistics, 2013, 2nd Edition <https://doi.org/10.1201/b14877>
- [7] A. Fakheri, *The Shell and Tube Heat Exchanger Efficiency and Its Relation to Effectiveness*, Proceedings of the ASME 2003 International Mechanical Engineering Congress and Exposition. Heat Transfer, 2003, vol. 3, pp. 9-15 <https://doi.org/10.1115/IMECE2003-41633>
- [8] Yujie Zhang, *The characteristics of heat exchanger and dependence on flow direction*, Proceedings, 2nd International Conference on Mechanical, Electronics, and Electrical and Automation Control (METMS 2022), 2022, vol. 12244 <https://doi.org/10.1117/12.2634921>
- [9] Chetvertkova O.V., Rizvanov R.G., Fairushin A.M. *The Use of Additional Baffles to Improve Efficiency of Shell-and-Tube Heat Exchanger*. Neftegazovoe delo, 2017, no. 3. (In English) <https://doi.org/10.17122/ogbus-2017-3-67-83>
- [10] Bichkar P., Dandgaval O., Dalvi P., Godase R., Dey T. *Study of Shell and Tube Heat Exchanger with the Effect of Types of Baffles*. Procedia Manufacturing, 2018, vol. 20, pp. 195–200. <https://doi.org/10.1016/j.promfg.2018.02.028>
- [11] B. I. Master, K. S. Chunangad, V. Pushpanathan, *Reduce fouling and downtime using helixchanger® heat exchangers*, Proceeding of Compact Heat Exchangers and Enhancement Technology for the Process Industries - 2003, 2023, pp. 491-496 [10.1615/978-1-56700-195-2.650](https://doi.org/10.1615/978-1-56700-195-2.650)
- [12] A. Chambon, Z. Anxionnaz-Minvielle, G. Cwicklinski, Nathalie Guintrand, A. Buffet, and B. Vinet, *Shell-and-Tube Heat Exchanger Geometry Modification: An Efficient Way to Mitigate Fouling*, Heat Transfer Engineering, 2020, vol. 41, pp. 170-177 <https://doi.org/10.1080/01457632.2018.1522093>

N.S. Serikbayev¹, G.N. Shaikhova^{1*}, F.B. Belisarova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: g.shaikhova@gmail.com

SOLITONS IN THE COUPLED GENERALIZED NONLINEAR SCHRÖDINGER EQUATIONS

Abstract

Nonlinear equations essentially describe physical problems. Solitons, which are localized in space and time and propagate in a nonlinear medium, are the special specific solutions to some of these equations. The soliton reemerges after a fully nonlinear interaction, retaining their identities with the same speed and shape. It has remarkable stability properties. Stability plays an important role in soliton physics. The nonlinear Schrödinger equation, one of the soliton-type nonlinear equations, is notable for its significance in the theory of nonlinear waves, specifically in nonlinear optics and plasma physics. The investigation of nonlinear Schrödinger equation generalizations is currently a pressing area of research. This work examines the coupled generalized nonlinear Schrödinger equations. These equations yield classical nonlinear Schrödinger equation in some reductions. As a research method, we use the bilinear Hirota method, which is one of the effective methods for solving nonlinear equations. Dispersion relations are derived and one-soliton and two-soliton solutions are obtained. The figures depict the dynamics of soliton solutions.

From this research, the results obtained may be useful for a better understanding of the nonlinear wave phenomena in any varied instance where the coupled model considered is applicable.

Keywords: Schrödinger equation, dispersion, dynamics, one soliton, two solitons, Hirota method, nonlinearity, solution, bilinearity, wave.

Н.С. Серикбаев¹, Г.Н. Шайхова¹, Ф.Б. Белисарова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖҰПТАЛҒАН ЖАЛПЫЛАНҒАН СЫЗЫҚТЫ ЕМЕС ШРЕДИНГЕР ТЕНДЕУЛЕРІНІҢ СОЛИТОНДАРЫ

Аңдатпа

Сызықты емес теңдеулер негізінен физикалық есептерді сипаттайды. Кеңістік пен уақытта локализацияланған және сызықты емес ортада таралатын солитондар осы теңдеулердің кейбірінің арнайы спецификалық шешімдері болып табылады. Солитон толық сызықты емес әрекеттесуден кейін қайта пайда болып, бірдей жылдамдықпен және пішінмен сәйкестіктерін сақтайды. Ол керемет тұрақтылық қасиеттеріне ие. Тұрақтылық солитондар физикасында маңызды рөл атқарады. Солитон типті сызықты емес теңдеулердің бірі болып табылатын сызықты емес Шредингер теңдеуі сызықты емес толқындар теориясында, әсіресе сызықты емес оптикада және плазма физикасында маңыздылығымен ерекшеленеді. Сызықтық емес Шредингердің теңдеулерін жалпылауды зерттеу қазіргі уақытта зерттеудің өзекті саласы болып табылады. Бұл жұмыс жұпталған жалпыланған сызықты емес Шредингер теңдеулерін зерттейді. Бұл теңдеулер кейбір қысқартуларда классикалық сызықты емес Шредингер теңдеуін береді. Зерттеу әдісі ретінде сызықты емес теңдеулерді шешудің тиімді әдістерінің бірі болып табылатын бисызықты Хирота әдісін қолданамыз. Дисперсиялық қатынастар алынып, бір солитонды және екі солитонды шешімдер табылады. Суреттер солитон шешімдерінің динамикасын бейнелейді. Осы зерттеуде алынған нәтижелер қарастырылатын жұпталған модель қолданылатын кез келген әртүрлі жағдайларда сызықтық емес толқын құбылыстарын жақсы түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: Шредингер теңдеуі, дисперсия, динамика, бір солитон, екі солитон, Хирота әдісі, сызықтық емес, шешім, бисызықтық, толқын.

Н.С. Серикбаев¹, Г.Н. Шайхова¹, Ф.Б. Белисарова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

СОЛИТОНЫ В СВЯЗАННЫХ ОБОБЩЕННЫХ НЕЛИНЕЙНЫХ УРАВНЕНИЙ ШРЕДИНГЕРА

Аннотация

Нелинейные уравнения, по сути, описывают физические проблемы. Солитоны, локализованные в пространстве и времени и распространяющиеся в нелинейной среде, являются особыми специфическими решениями некоторых из этих уравнений. Солитон восстанавливается полностью после нелинейного взаимодействия, сохраняя свою идентичность с той же скоростью и формой. Он обладает замечательными свойствами устойчивости. Устойчивость играет важную роль в физике солитонов. Нелинейное уравнение Шредингера, одно из нелинейных уравнений солитонного типа, примечательно своей значимостью в теории нелинейных волн, в частности в нелинейной оптике и физике плазмы. Исследование обобщений нелинейного уравнения Шредингера в настоящее время является актуальной областью исследований. В этой работе рассматриваются связанные обобщенные нелинейные уравнения Шредингера. Эти уравнения дают классическое нелинейное уравнение Шредингера в некоторых редукциях. В качестве метода исследования применен билинейный метод Хироты, который является одним из эффективных методов решения нелинейных уравнений. Выводятся дисперсионные соотношения и получены односолитонные и двухсолитонные решения. На рисунках представлена динамика солитонных решений. Полученные в ходе данного исследования результаты могут быть полезны для лучшего понимания нелинейных волновых явлений в любых различных случаях, где применима рассматриваемая связанная модель.

Ключевые слова: уравнение Шредингера, дисперсия, динамика, один солитон, два солитона, метод Хироты, нелинейность, решение, билинейность, волна.

Introduction

Almost every model of mathematical physics is the result of some approximate description of real physical phenomena. The purpose of approximations is to study the main interactions that determine the main contribution to the physics of the process, as well as to clarify the fundamental connections between phenomena. There are numerous physically valuable nonlinear equations, as the Korteweg-de Vries equation, the nonlinear Schrödinger equation, the sine-Gordon equation [1-8]. In the last decade, a significant amount of work has been done on nonlinear equations [9-15].

In this work, we consider the coupled generalized nonlinear Schrodinger equations [16-18]

$$iq_t + q_{xx} + 2(a|p|^2 + c|q|^2 + bp\bar{q} + \bar{b}p\bar{q})q = 0, \quad (1)$$

$$ip_t + p_{xx} + 2(a|p|^2 + c|q|^2 + bp\bar{q} + \bar{b}p\bar{q})p = 0, \quad (2)$$

where a and c are real constants, b is a complex constant, q and p are slowly varying pulse envelopes. In case, $b = 0, a = c$ then (1)-(2) reduce to the Manakov system [19]. And also, if $b = 0, a = -c$ then (1)-(2) reduce to the mixed coupled nonlinear Schrodinger equation [20]. The equations (1)-(2) were investigated by Darboux transformation in [16].

The main goal of this work is to get soliton solutions of the coupled generalized nonlinear Schrodinger equations by Hirota's bilinear method [14,15]. A solitary wave with structural stability that travels over a nonlinear medium is called a soliton. Solitons behave like particles (particle-like waves) in that they do not break down when they interact with one another or with external disturbances; instead, they keep moving while maintaining their structural integrity. With the help of this property, data can be sent without interference over great distances. In addition, unlike harmonic waves, classical solitons, in addition to energy transfer, also transfer matter (shift in the direction of their movement over a finite distance).

Research methodology

Bilinear form

Numerous nonlinear equations have been solved using the Hirota method, a direct analytical technique for obtaining the soliton solutions. Once the bilinear form of the nonlinear equations was given, multi soliton solutions can be derived through the truncated formal perturbation expression at different levels. In this section, we apply the method to obtain soliton solutions for equations (1)-(2).

Introducing the dependent variable transformation

$$q = \frac{g}{f},$$

$$p = \frac{m}{f},$$

into (1)-(2), the bilinear form can be derived as follows:

$$[iD_t + D_x^2](g \cdot f) = 0 \quad (3)$$

$$[iD_t + D_x^2](m \cdot f) = 0, \quad (4)$$

$$D_x^2(f \cdot f) - 2(a|m|^2 + c|g|^2 + bm\bar{g} + \bar{b}g\bar{m}) = 0, \quad (5)$$

where g, m are complex functions, f is the real one and D_x and D_t are the bilinear differential operators defined by

$$D_x^l D_t^n (f(x, t) \cdot g(x, t)) = \left(\frac{\partial}{\partial x} - \frac{\partial}{\partial x'}\right)^l \left(\frac{\partial}{\partial t} - \frac{\partial}{\partial t'}\right)^n (f(x, t) \cdot g(x', t'))|_{x'=x, t'=t}, \quad (6)$$

where l, n are positive integers.

Soliton solution

To get the N-solitons of the equations (1)-(2), we expand g, m and f in respect of a formal expansion with the parameter ε as below:

$$g = \varepsilon g_1 + \varepsilon^3 g_3 + \varepsilon^5 g_5 + \dots, \quad (7a)$$

$$m = \varepsilon m_1 + \varepsilon^3 m_3 + \varepsilon^5 m_5 + \dots, \quad (7b)$$

$$f = 1 + \varepsilon^2 f_2 + \varepsilon^4 f_4 + \dots, \quad (7c)$$

where g_j 's and m_j 's ($j = 1, 3, 5, \dots$) are the complex functions, and f_n 's ($n = 2, 4, 6, \dots$) are the real ones, to be determined. Substituting expression (7) into (3)-(5) and gathering the coefficients of the same power of ε , we have

$$\varepsilon^1: [iD_t + D_x](g_1 \cdot 1) = 0, \quad (8a)$$

$$\varepsilon^1: [iD_t + D_x](m_1 \cdot 1) = 0, \quad (8b)$$

$$\varepsilon^2: D_x^2(f_2 \cdot 1 + 1 \cdot f_2) - 2(a|m_1|^2 + c|g_1|^2 + bm_1\bar{g}_1 + \bar{b}g_1\bar{m}_1) = 0 \quad (8c)$$

$$\varepsilon^3: [iD_t + D_x](g_3 \cdot 1 + g_1 \cdot f_2) = 0, \quad (8d)$$

$$\varepsilon^3: [iD_t + D_x](m_3 \cdot 1 + m_1 \cdot f_2) = 0, \quad (8e)$$

$$\varepsilon^4: D_x^2(f_4 \cdot 1 + f_2 \cdot f_2 + 1 \cdot f_4) - 2(a(m_3\bar{m}_1 + m_1\bar{m}_3) + c(g_3\bar{g}_1 + g_1\bar{g}_3) + b(m_3\bar{g}_1 + m_1\bar{g}_3) + \bar{b}(g_3\bar{m}_1 + g_1\bar{m}_3)) = 0 \quad (8f)$$

...

Equation (1)-(2) has one-, two-, and N-soliton solutions, which we may find by using expression (8) and symbolic computation.

Results of the study

One soliton solution

To get the one soliton for equations (1)-(2), we choose

$$g = \varepsilon g_1, m = \varepsilon m_1, f = 1 + \varepsilon^2 f_2. \quad (9)$$

Substituting expressions (9) into bilinear forms (3)-(5), setting $\varepsilon = 1$, we solve the bilinear system recursively and obtain one-soliton solution as

$$q = \frac{\alpha e^{\theta_1}}{1 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_1 + \varphi}}, \quad (10)$$

$$p = \frac{\beta e^{\theta_1}}{1 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_1 + \varphi}}, \quad (11)$$

where $e^{\varphi} = \frac{a|\beta|^2 + c|\alpha|^2 + b\beta\bar{\alpha} + \bar{b}\alpha\bar{\beta}}{(k_1 + \bar{k}_1)^2}$ and $\theta_1 = c_1 t + k_1 x$ with dispersion relation $c_1 = ik_1^2$.

Figures 1-3 illustrate the graphs of the one-soliton solutions (10)– (11).




Figure 1. Dynamics of the one-soliton solutions' q and p with parameters $k_1 = 1 + i; a = 1; b = 1; c = 1; \alpha = 1; \beta = 2$





Figure 2. 3D plot of the two-soliton solutions q with parameters $k_1 = 1 + i; a = 1; b = 1; c = 1; \alpha = 1; \beta = 2$




Figure 3. 3D plot of the two-soliton solutions q with parameters $k_1 = 1 + i; a = 1; b = 1; c = 1; \alpha = 1; \beta = 2$

Two soliton solution

As in the previous section, we truncate g , m and f perturbation expression with respect to the parameter ε as

$$g = \varepsilon g_1 + \varepsilon^3 g_3, m = \varepsilon m_1 + \varepsilon^3 m_3, f = 1 + \varepsilon^2 f_2 + \varepsilon^2 f_4. \quad (12)$$

Substituting expressions (12) into bilinear forms (3)-(5), solving the bilinear system recursively, and, setting $\varepsilon = 1$, the two-soliton solution can be derived as follows:

$$q = \frac{\alpha_1 e^{\theta_1 + \alpha_2} e^{\theta_1 + e^{\theta_1 + \theta_2 + \bar{\theta}_1 + \delta_1 + e^{\theta_1 + \theta_2 + \bar{\theta}_2 + \delta_2}}}{1 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_1 + \varphi_1 + e^{\theta_2 + \bar{\theta}_1 + \varphi_2 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_2 + \varphi_3 + e^{\theta_2 + \bar{\theta}_2 + \varphi_4 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_1 + \theta_2 + \bar{\theta}_2 + s}}}} \quad (13)$$

$$p = \frac{\beta_1 e^{\theta_1 + \beta_2} e^{\theta_1 + e^{\theta_1 + \theta_2 + \bar{\theta}_1 + L_1 + e^{\theta_1 + \theta_2 + \bar{\theta}_2 + L_2}}}{1 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_1 + \varphi_1 + e^{\theta_2 + \bar{\theta}_1 + \varphi_2 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_2 + \varphi_3 + e^{\theta_2 + \bar{\theta}_2 + \varphi_4 + e^{\theta_1 + \bar{\theta}_1 + \theta_2 + \bar{\theta}_2 + s}}}} \quad (14)$$

were

$$\begin{aligned} e^{\varphi_1} &= \frac{a|\beta_1|^2 + c|\alpha_1|^2 + b\beta_1\bar{\alpha}_1 + \bar{b}\alpha_1\bar{\beta}_1}{(k_1 + \bar{k}_1)^2}, \quad e^{\varphi_2} = \frac{a\bar{\beta}_1\beta_2 + c\alpha_2\bar{\alpha}_1 + b\bar{\alpha}_1\beta_2 + \bar{b}\alpha_2\bar{\beta}_1}{(k_2 + \bar{k}_1)^2}, \\ e^{\varphi_3} &= \frac{a\beta_1\bar{\beta}_2 + c\alpha_1\bar{\alpha}_2 + b\bar{\alpha}_2\beta_1 + \bar{b}\alpha_1\bar{\beta}_2}{(k_1 + \bar{k}_2)^2}, \quad e^{\varphi_4} = \frac{a|\beta_2|^2 + c|\alpha_2|^2 + b\beta_2\bar{\alpha}_2 + \bar{b}\alpha_2\bar{\beta}_2}{(k_2 + \bar{k}_2)^2}, \\ e^{\delta_1} &= \frac{\alpha_1(i(c_1 - c_2 - \bar{c}_1) + (k_1 - k_2 - \bar{k}_1)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_1) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_1)^2} e^{\varphi_2} + \frac{\alpha_2(i(c_2 - c_1 - \bar{c}_1) + (k_2 - k_1 - \bar{k}_1)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_1) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_1)^2} e^{\varphi_1}, \\ e^{\delta_2} &= \frac{\alpha_1(i(c_1 - c_2 - \bar{c}_2) + (k_1 - k_2 - \bar{k}_2)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_2) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_2)^2} e^{\varphi_4} + \frac{\alpha_2(i(c_2 - c_1 - \bar{c}_2) + (k_2 - k_1 - \bar{k}_2)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_2) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_2)^2} e^{\varphi_3}, \\ e^{L_1} &= \frac{\beta_1(i(c_1 - c_2 - \bar{c}_1) + (k_1 - k_2 - \bar{k}_1)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_1) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_1)^2} e^{\varphi_2} + \frac{\beta_2(i(c_2 - c_1 - \bar{c}_1) + (k_2 - k_1 - \bar{k}_1)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_1) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_1)^2} e^{\varphi_1}, \\ e^{L_2} &= \frac{\beta_1(i(c_1 - c_2 - \bar{c}_2) + (k_1 - k_2 - \bar{k}_2)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_2) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_2)^2} e^{\varphi_4} + \frac{\beta_2(i(c_2 - c_1 - \bar{c}_2) + (k_2 - k_1 - \bar{k}_2)^2)}{i(c_1 + c_2 + \bar{c}_2) + (k_1 + k_2 + \bar{k}_2)^2} e^{\varphi_3}, \\ e^s &= + \frac{a(e^{L_2}\bar{\beta}_1 + e^{L_1}\bar{\beta}_2 + e^{\bar{L}_2}\beta_1 + e^{\bar{L}_1}\beta_2) + c(e^{\delta_2}\bar{\alpha}_1 + e^{\delta_1}\bar{\alpha}_2 + e^{\bar{\delta}_2}\alpha_1 + e^{\bar{\delta}_1}\alpha_2)}{(k_1 + k_2 + \bar{k}_1 + \bar{k}_2)^2} + \\ &\quad - \frac{b(e^{L_2}\bar{\alpha}_1 + e^{L_1}\bar{\alpha}_2 + e^{\bar{L}_2}\alpha_1 + e^{\bar{L}_1}\alpha_2) + \bar{b}(e^{\delta_2}\bar{\beta}_1 + e^{\delta_1}\bar{\beta}_2 + e^{\bar{\delta}_2}\beta_1 + e^{\bar{\delta}_1}\beta_2)}{(k_1 + k_2 + \bar{k}_1 + \bar{k}_2)^2} - \\ &\quad - \frac{2e^{\varphi_1 + \varphi_4}(k_2 + k_1 - \bar{k}_1 - \bar{k}_2)^2 + 2e^{\varphi_1 + \varphi_4}(k_1 - k_2 - \bar{k}_1 + \bar{k}_2)^2}{(k_1 + k_2 + \bar{k}_1 + \bar{k}_2)^2}, \end{aligned}$$

with $\theta_j = c_j t + k_j x$ and dispersion relations $c_j = ik_j^2$ ($j = 1, 2$).

Figures 4-6 present the graphs of the two-soliton solutions (13)-14).




Figure 4. Dynamics of the two-soliton solutions q and p with parameters $k_1 = 1 + i; k_2 = 1 - i; a = 1; b = 1; c = 1; \alpha_1 = 1; \beta_1 = 3.5; \alpha_2 = 2; \beta_2 = 5.5$,




Figure 5. 3D plot of the two-soliton solutions q with parameters

$$k_1 = 1 + i; k_2 = 1 - i; a = 1; b = 1; c = 1; \alpha_1 = 1; \beta_1 = 3.5; \alpha_2 = 2; \beta_2 = 5.5,$$




Figure 6. 3D plot of the two-soliton solutions p with parameters

$$k_1 = 1 + i; k_2 = 1 - i; a = 1; b = 1; c = 1; \alpha_1 = 1; \beta_1 = 3.5; \alpha_2 = 2; \beta_2 = 5.5,$$

Conclusion

In this work, we investigated the coupled generalized nonlinear Schrodinger equations. This system has many applications in plasma physics and ocean waves. In some cases, the coupled generalized nonlinear Schrodinger equations can be reduced to nonlinear Schrodinger equations arising from various fields, such as quantum field and nonlinear optics.

To obtain a soliton solution we applied Hirota's method. This approach provides a direct method for finding N-soliton solutions to nonlinear dispersive equations. We got bilinear equations and constructed one soliton and two soliton solutions for the coupled generalized nonlinear Schrodinger equations. The dynamics of the soliton pulses have been presented in Figure 1 with the help of the Mathematica package software by selecting appropriate values for unknown parameters. Propagation of the optical solitons, generated via the balance between the group velocity dispersion and nonlinear effect, has potential applications in the nonlinear fibers. The presented methods can be applied to obtain new solutions for other nonlinear equations.

Acknowledgment

This work is also supported by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, grant AP19675202

References

- [1] Wazwaz A. *Partial differential equations and solitary waves theory*. (Springer, 2009). <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-642-00251-9>
- [2] Burdik C., Shaikhova G., and Rakhimzhanov B., Soliton solutions and travelling wave solutions for the two-dimensional generalized nonlinear Schrodinger equations. *Eur. Phys. J. Plus* 136, 1095-1-17 (2021). <https://link.springer.com/article/10.1140/epjp/s13360-021-02092-6>
- [3] Zakharov V.E., Shabat A.B., Exact theory of two-dimensional self-focusing and one-dimensional self-modulation of waves in nonlinear media. *Sov. Phys.-JETP* 34(1), 62-69 (1972). http://jetp.ras.ru/cgi-bin/dn/e_034_01_0062.pdf
- [4] Ablowitz M.J., Clarkson P.A, *Solitons* (Cambridge University Press, Nonlinear Evolution Equations and Inverse Scattering. First Printing. Cambridge, 1991). <https://assets.cambridge.org/97805213/87309/sample/9780521387309ws.pdf>
- [5] Ablowitz M.J., Segur H., *Solitons and Inverse Scattering Transform* (SIAM, Philadelphia, 1981). https://www2.umbc.edu/photronics/Menyuk/Zweck/Ablowitz-Segur_1981.pdf

- [6] Manikandan K., Serikbayev N., Manigandan M., Sabareeshwaran M. Dynamical evolutions of optical smooth positons in variable coefficient nonlinear Schrodinger equation with external potentials. *Optik*, 288, 171203 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.ijleo.2023.171203>
- [7] Guo R., Hao H., Breathers and multi-soliton solutions for the higher-order generalized nonlinear Schrödinger equation. *Commun. Nonlinear Sci. Numer. Simul.* 18(9), 2426–2435 (2013). <https://doi.org/10.1016/j.cnsns.2013.01.019>
- [8] Novikov S. et al., *Theory of Solitons: The Inverse Scattering Method* (First printing, Springer Science and Business Media, 1984).
- [9] Shaikhova G.N., Kutum B.B., Myrzakulov R. Periodic traveling wave, bright and dark soliton solutions of the (2+1)-dimensional complex modified Korteweg-de Vries system of equations by using three different methods. *AIMS Mathematics*, 2022, 7(10), 18948–18970. <https://doi.org/10.3934/math.20221043>
- [10] Serikbayev N., Saparbekova A. Symmetry and conservation laws of the (2+1)-dimensional nonlinear Schrodinger-type equation. *International Journal of Geometric Methods in Modern Physics*, 2350172 (2023). <https://doi.org/10.1142/S0219887823501724>
- [11] Shaikhova G. N., Serikbayev N., Yesmakhanova K., Myrzakulov R. Nonlocal complex modified Korteweg-de Vries equations: reductions and exact solutions, *Proceedings of the Twenty-First International Conference on Geometry, Integrability and Quantization*, 265–271 (2020). <https://doi.org/10.7546/giq-21-2020-265-271>
- [12] Kutum B.B., Shaikhova G.N. q-soliton solution for two-dimensional q-Toda lattice. *Bulletin of the Karaganda University. Physics series.* -2019. -No.2(95).-P. 22–26. <https://physics-vestnik.ksu.kz/index.php/physics-vestnik/article/view/314/243>
- [13] Shaikhova G.N., Kutum B.B., Syzdykova A.. Phase portraits and new exact traveling wave solutions of the (2+1)-dimensional Hirota system. *Results in Physics*, 55, 107173, 2023. <https://doi.org/10.1016/j.rinp.2023.107173>
- [14] Hirota R., *The Direct Method in Soliton Theory* (Cambridge University Press, Cambridge 2004), 155p.
- [15] Lu X., Ma W.X., Study of lump dynamics based on a dimensionally reduced Hirota bilinear equation. *Nonlinear Dyn.* 85, 1217 (2016). <https://link.springer.com/article/10.1007/s11071-016-2755-8>
- [16] Vishnu Priya N., Senthilvelan M., On the characterization of breather and rogue wave solutions and modulation instability of a coupled generalized nonlinear Schrodinger equations, *Wave Motion*, Vol. 54, 2015, Pages 125–133. <https://doi.org/10.1016/j.wavemoti.2014.12.001>
- [17] Wang D.S., Zhang D. J., Yang J., Integrable properties of the general coupled nonlinear Schodinger equations, *J. Math. Phys.* 51 (2010) 023510. <https://doi.org/10.1063/1.3290736>
- [18] Lu X., Peng M., Panleve-integrability and explicit solutions of the general two-coupled nonlinear Schrodinger system in the optical fiber communications, *Nonlinear Dynamics.* 73 (2013) 405–410. <https://link.springer.com/article/10.1007/s11071-013-0795-x>
- [19] Manakov S.V., On the theory of two-dimensional stationary self-focusing of electromagnetic waves, *Sov. Phys. JETP.* 38 (1974) 248–253. http://jetp.ras.ru/cgi-bin/dn/e_038_02_0248.pdf
- [20] Vijayajanthi M., Kanna T., Lakshmanan M., Bright-dark solitons and their collisions in mixed N-coupled nonlinear Schrodinger equations. *Phys. Rev. A* 77 013820, (2008). <https://journals.aps.org/pr/abstract/10.1103/PhysRevA.77.013820>

А.С. Серіктаева¹, Ж.Т. Рахметуллина^{1*}, Р.У. Мукашева¹, Р.О. Мухамедова¹

¹ Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан
*e-mail: rahmetullina@mail.ru

КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ - РЕГРЕССИЯЛЫҚ ӘДІСТІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҮШІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Жұмыстың мақсаты математикалық әдістерді қолдана отырып, жоғары оқу орындарында өзекті тәуекелдерді басқару. Еліміздің өңірлік жоғары оқу орындарына түсушілердің санының төмендеуі стратегиялық даму бағдарламасындағы басты тәуекелдердің бірі болып саналады. Бұл тәуекелге әсер етуі мүмкін жағдайлар анықталды және алынған мәліметтер негізінде регрессиялық талдау жүргізілді. Алынған нәтижелердің толықтығы үшін корреляциялық-регрессиялық әдіс қолданылды. Жоғары білімге қол жетімділіктің экономикалық, әлеуметтік, жеке және ақпараттық факторларының белгілері мен ерекшеліктері арқылы көрсеткіштердің бірыңғай жүйесі құрылды. Зерттеу нәтижесінде регрессия теңдеуі құрылды және тәуекел мөлшері есептелді, алынған модельдердің маңыздылығы бағаланды, сонымен қатар, модельдеу процесінде алынған нәтижелердің түсіндірмесі келтірілді. Зерттеудің теориялық және әдістемелік маңыздылығы корреляциялық-регрессиялық талдау мен экономикалық-математикалық модельдеуді қолдану мүмкіндігін негіздеу арқылы әдіснаманы жетілдіру болып табылады.

Түйін сөздер: тәуекелді бағалау, математикалық үлгі, корреляциялық-регрессиялық әдіс, білім беру қызметі, ЖОО.

А.С. Серіктаева¹, Ж.Т. Рахметуллина^{*1}, Р.У. Мукашева¹, Р.О. Мухамедова¹

¹Восточно-Казахстанский технический университет имени Д.Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ КОРРЕЛЯЦИОННО-РЕГРЕССИОННОГО МЕТОДА ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация

Цель работы проведение оценки актуальных рисков в вузах с применением математических методов. Снижение числа поступающих в региональные вузы страны является одним из главных рисков в стратегической программе развития. Были определены условия, которые могли повлиять на этот риск, и на основе полученных данных был проведен регрессионный анализ. Для полноты полученных результатов был использован корреляционно-регрессионный метод. Создана единая система показателей через признаки и особенности экономических, социальных, личностных и информационных факторов доступности высшего образования. В результате исследования были созданы уравнение регрессии и рассчитана величина риска, проведена оценка значимости построенных моделей, а также приведена интерпретация результатов, полученных в процессе моделирования. Теоретическая и методическая значимость исследования заключается в совершенствовании методологии путём обоснования возможности применения корреляционно-регрессионного анализа и экономико-математического моделирования.

Ключевые слова: оценка риска, математическая модель, корреляционно-регрессионный метод, образовательная деятельность, вуз.

A.S. Seriktayeva¹, Z.T. Rakhmetullina^{*1}, R.U. Mukasheva¹, R.O. Mukhamedova¹
¹D.Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan
**APPLICATION OF CORRELATION-REGRESSION METHOD FOR RISK MANAGEMENT
IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS**

Abstract

The purpose of the work is to assess current risks in universities using mathematical methods. The decline in the number of applicants to regional universities of the country is one of the main risks in the strategic development program. The conditions that could affect this risk were identified, and a regression analysis was performed based on the data obtained. For completeness of the results obtained, the correlation and regression method was used. A unified system of indicators has been created through the signs and features of economic, social, personal and information factors of accessibility of higher education. As a result of the study, a regression equation was created and the amount of risk was calculated, the significance of the constructed models was assessed, and the interpretation of the results obtained in the modeling process was given. The theoretical and methodological significance of the study lies in improving the methodology by substantiating the possibility of using correlation and regression analysis and economic and mathematical modeling.

Keywords: risk assessment, mathematical model, correlation and regression method, educational activity, university.

Кіріспе

Жоғары білім беру саласы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі элементтердің бірі болып табылады, өйткені, жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты еңбек нарығында сұранысқа ие өндіріс секторлары үшін жоғары білікті мамандарды даярлау және шығару болып табылады. Жоғары оқу орындарында тәуекелдерді азайту және тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу және енгізу тұрғысынан зерттеулер жүргізу бойынша нақты әдістерді одан әрі әзірлеу үшін жоғары оқу орындарының білім беру қызметі саласындағы тәуекелдердің негізгі топтарын анықтау - жоғары оқу орындарының басты стратегиялық мақсаттарының бірі. Осы мақсатқа жету үшін білім беру үрдісіндегі бар мәселелерді талдау, білім беру саласындағы тәуекелдерді жіктеудің негізгі тәсілдерін зерттеу және негізгі тәуекел факторларын анықтау, жоғары оқу орындарының білім беру қызметін жүзеге асырудағы маңызды тәуекелдерді анықтау сияқты міндеттерді шешуге бағытталған жұмыстар жүргізу қажеттігі туындайды.

Жоғары оқу орындарында басқа мекемелердегі сияқты көптеген тәуекелдер орын алуы мүмкін. Ол білім беру саласында, тәрбие саласында немесе басқарушылық саласында болсын орын алады. Жоғары оқу орнындағы әр тәуекел әр түрлі жағдайларға байланысты болғандықтан, барлығын қамтитын ортақ математикалық үлгі құру мүмкін емес. Барлық мүмкін болатын тәуекелдерге қатысты үрдістердің математикалық модельдерін регрессиялық теңдеу арқылы беру қиындық туғызатындықтан, тәуекелдерді жеке талдау қажеттігі туындайды.

Аймақтық ЖОО-да болуы мүмкін өзекті тәуекелдердің бірі – мемлекеттік білім беру грантының байқауы негізінде жоғары оқу орындарының бакалавриатқа түсушілердің жалпы санының төмен болуы. Аймақтық жоғары оқу орны үшін бұл өте маңызы бар стратегиялық индикаторлардың бірі болып табылады. Осы тәуекелді басқару корреляциялық - регрессиялық әдіс қолданумен бағаланады.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада қарастырылған мәселе айналасында қандай зерттеулер жүргізілгені жайында талданған. «Digitalization of Education in Modern Scientific Discourse: New Trends and Risks Analysis» атты мақалада білім беруді цифрландыруға арналған заманауи ғылыми жарияланымдарға жүйелі шолу нәтижелері ұсынылған. Ресейлік және шетелдік зерттеулерге шолу барысында студенттердің жоғары үлгерімі мен цифрлық технологияларды қолдану арасында байланыс бар деген нәтижеге келуге болады. Мақалада цифрлық технологиялар

тәрбие жұмысы мен моральдық-тәрбие қызметінің сапасын арттырудың қажетті, бірақ сонымен бірге жеткіліксіз шарты болып табылады деген тұжырым негізделеді [1].

«Digital Transformation of Legal Education: Problems, Risks and Prospects» мақаласында зерттеу міндеттері атап өтілген: құқықтық білім беруді цифрландырудың тәуекелдерін, мәселелерін анықтау, сонымен қоса Ресейде заң мамандығы бойынша білім беруде цифрлық технологияларды енгізуді құқықтық реттеуді дамыту бағыттарын тұжырымдау. Зерттеу нәтижесінде цифрлық трансформация процесі ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық шараларды жүзеге асыруды көздейтіні анықталған. Заңгер студенттердің цифрлық құзыреттіліктерін оқыту инновацияларды, цифрлық платформаны енгізу үшін цифрлық білім беру ортасы шеңберінде мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, білім беру стандарттарын оңтайландыру, дербес деректерді қорғауды және білім беру саласындағы кибершабуылдарды болдырмауды қамтамасыз ету керек екені айқындалған. Мақалада статистикалық гипотезаларды зерттеу үшін хи-квадрат тестін қолданылған [2].

«An Investigation of the Relationship between the Fear of Receiving Negative Criticism and of Taking Academic Risk through Canonical Correlation Analysis» мақаласында зерттеу мақсаты ұсынылған. Онда реляциялық үлгі қолданылған канондық корреляциялық талдау арқылы теріс сын алудан қорқу және академиялық тәуекел арасындағы байланысты зерттеу мақсат екені жазылған. Деректерді жинақтау құралы ретінде "теріс бағалаудан қысқа қорқыныш" шкаласы және академиялық тәуекелді қабылдау шкаласы қолданылған. Бұл қатынасты дұрыс талдау үшін теріс сын алудан қорқу туралы мәліметтер жиынтығы кері бағаланған элементтердің тікелей элементтері мен айнымалыларына, ал мәліметтер жиынтығының академиялық тәуекелі көптеген айнымалыларға бөлінген. Зерттеудегі канондық корреляциялық талдау қорытындылары теріс сын алудан қорқу және академиялық тәуекелді мінез-құлық арасында айтарлықтай байланыс бар екенін көрсетілді. Олардың арасындағы жалпы дисперсия 35% құрағаны анықталған [3].

М. Такеучидің «The situated multiliteracies approach to classroom participation: English language learners' participation in classroom mathematics practices» ғылыми еңбегінде әлеуметтік-мәдени теория мен көп сауаттылық теориясын басшылыққа ала отырып, оқыту көптеген физикалық мен символдық құралдар арқылы тәжірибеге қатысудың өзгеруі ретінде қабылданады. Зерттеудің мақсаты ағылшын тілін үйренушілердің қалалық сыныптардағы математикалық тәжірибелерге қатысуын зерттеу болып табылады. Бұл зерттеу ағылшын тілін үйренуші оқушылардың сыныптағы математика сабақтарына сәтті қатысуын сипаттайды [4].

«Evidence-based education policies: Transforming educational practice and research» мақаласында білім берудегі саясат пен тәжірибенің негізі ретінде рандомизацияланған және қатаң келісілген эксперименттердің болашағы мен қиындықтары талқыланады. Қайталанатын бағдарламалар мен тәжірибелерді бағалау бойынша қатаң тәжірибелерге назар аудару саясаткерлер мен оқытушылар арасында білім беру саласындағы зерттеулерге деген сенімді арттыруға маңызды деген қорытындыға келеді [5].

«Safety risk assessment of a Pb-Zn mine based on fuzzy-grey correlation analysis» мақаласында тәуекелдерді бағалау мен қауіпсіздікті басқару әдістерін дамыту қоғамның өнеркәсіптік дамуының негізі болып табылатын тау-кен өнеркәсібі үшін маңыздылығы айтылады. Адам өмірі мен мүлкінің кездейсоқ жоғалуын немесе бүлінуін болдырмау, шахталардың тәуекелін үздіксіз бағалау үшін қауіпсіздік тәуекелін бағалау әдісі керек. Шахталардың қауіпсіздігін бағалау талаптарына сүйене отырып, мақалада анық емес сұр түсті корреляциялық талдау әдісіне негізделген Pb-Zn шахталарының қауіпсіздігіне тәуекелді бағалау үлгісі ұсынылады да анық емес TOPSIS әдісіне негізделген тәуекелдерді бағалау үлгісімен салыстырылады. Эксперименттер арқылы алынған нәтижелер ұсынылған корреляция үлгісінің тәуекелге сезімтал және бағалаудың әртүрлі тәсілдерінде бағалау нәтижелеріне аз әсер ететінін көрсетеді [6].

«Risk assessment of floating offshore wind turbine based on correlation-FMEA» мақаласында қалқымалы теңіздегі жел электр станциясы өзара тәуелді ішкі жүйелерден тұратын күрделі

құрылымға ие екені және қатал жұмыс жағдайында жағымсыз әсерлерге ұшырайтыны айтылған. Тәуекелдер мен сенімділікті талдау барысында екі мәселені шешу қажет. Олар: жүйенің істен шығу режимінің күрделілігі мен өзара корреляция. Зерттеуде корреляциялық FMEA деп аталатын өзгертілген сәтсіздік түрлері мен салдарын талдау әдісі (FMEA) арқылы тәуекелдерді бағалау жүргізілген. Жоғары басымдықты сәтсіздіктердің бірқатар түрлерін дәстүрлі FMEA анықтады. Сенімділік көрсеткіштерінің векторлық әдісі қолданылып, корреляция коэффициенттерін алу үшін тиісті байланыстар талданылды. Зерттеу нәтижелері негізінде жел энергетикалық қондырғысын жобалау бойынша ұсыныстар берілді [7].

Осы ғылыми еңбектерге сүйене отырып, зерттелетін мәселе аймағында 2011 - 2022 жылдар аралығындағы ресми деректер негізінде деректер қорын жинақтауға болады. Тәуекелдерді басқару корреляциялық - регрессиялық әдісті зерттеулерге қолдану сараланған.

Деректер қорының элементтері:

- ҚР халық саны.
- ҚР туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға).
- Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), млрд USD.
- Жыл бойынша бөлінген грант саны.
- Мектептегі оқушылар саны.
- 11-сынып бітірген түлектер саны.
- ЖОО түскен студенттер саны.

Деректер мынадай түрде болады (Кесте 1).

Кесте 1. Деректер

Бөлінген грант саны	ҚР Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	Халық саны	Мектептегі оқушылар саны	ЖІӨ, млрд USD	11-сынып бітірген түлектер саны	ЖОО түскен студенттер саны
31387	22,51	16440470	2541862	200,38	151448	1195
34315	22,7	16673933	2551502	215,9	172762	1029
35053	22,73	16910246	2597942	243,78	168774	905
34165	23,1	17160855	2685063	227,44	149895	920
20057	22,71	17415715	2799585	184,36	133309	1306
31700	22,52	17669896	2930583	137,28	129406	1205
31702	21,64	17918214	3050770	159,4	124369	1190
42982	21,77	17157337	3186234	170,54	127414	966
54000	21,73	18395567	3337783	181,67	143089	986
53864	22,76	18631779	3481347	171,1	117204	1235
56000	23,5	18879552	3597159	197,1	140643	1451
64061	20,41	19503159	3600000	220,5	161430	1424

Алғашқы сатыда таңдамалы айнымалылар арасындағы байланыстың тығыздығы мен бағытын анықтаудың сандық әдісі негізінде корреляциялық талдау жасалынды [8]. Excel бағдарламасында жасалған корреляциялық талдау нәтижесі төмендегі суретте көрсетілген (Сурет 1).

Пирсонның корреляция коэффициенті r - айнымалылар арасындағы түзу сызықты байланыстың өлшемін анықтайды (1):

$$r = \frac{\sum Z_{x_i} Z_{y_i}}{n-1} \quad (1)$$

	Бөлінген грант саны	ҚР Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	Халық саны	Мектептегі оқушылар саны	ЖІӨ, млрд USD	11-сынып бітірген түлектер саны	Түскен студенттер саны
Бөлінген грант саны	1						
ҚР Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	-0,376639725	1					
Халық саны	0,800516349	-0,393586998	1				
Мектептегі оқушылар саны	0,850439112	-0,362433376	0,931967315	1			
ЖІӨ, млрд USD	0,104543521	0,099557893	-0,173316571	-0,293129157	1		
11-сынып бітірген түлектер саны	0,01950386	-0,035929081	-0,273050499	-0,419373939	0,845859337	1	
Түскен студенттер саны	0,316166804	-0,119994157	0,638185043	0,554429355	-0,243524968	-0,244754103	1

Сурет 1. Корреляциялық талдау

Z_{X_i} , Z_{Y_i} өз кезегінде төмендегі формулалармен есептеледі (2, 3):

$$Z_{X_i} = \frac{X_i - \bar{X}}{S_X} \quad (2)$$

$$Z_{Y_i} = \frac{Y_i - \bar{Y}}{S_Y} \quad (3)$$

Мұндағы, $\bar{X}$, $\bar{Y}$ - орта мән. S_X , S_Y - айнымалылардың стандартты ауытқуы [9]. Стандартты ауытқу өз кезегінде (4-5) формулалармен анықталады:

$$S_X = \sqrt{\frac{1}{n-1} \sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2} \quad (4)$$

$$S_Y = \sqrt{\frac{1}{n-1} \sum_{i=1}^n (y_i - \bar{y})^2} \quad (5)$$

Корреляция теориясындағы байланыс күшін бағалау үшін Чеддок статистикасының шкаласы қолданылады: әлсіз - 0,1-ден 0,3-ке дейін; орташа - 0,3-тен 0,5-ке дейін; байқалатын - 0,5-тен 0,7-ге дейін; жоғары-0,7-ден 0,9-ға дейін; өте жоғары - 0,9-дан 1,0-ге дейін [8].

Талдау нәтижесінде ЖОО түскен студенттер айнымалысының сандық мәнімен халық саны, мектептегі оқушылар саны айнымалылармен «байқалатындай» оң байланыста екендігі көрінеді.

Корреляция коэффициенттерінің маңыздылығын бағалау үшін маңыздылық деңгейін $\alpha = 0,05$ деп алайық. df еркіндік деңгейі төмендегі формуламен есептеледі (6):

$$df = n - m - 1 \quad (6)$$

Мұндағы, n – бақылаулар саны, m – байланыс (факторлық айнымалылар) саны. Сонда: $df = 12 - 6 - 1 = 5$.

Корреляция коэффициентінің статистикалық маңыздылығы Стьюденттің t - критерийі негізінде бағаланатын болса (7), онда:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{r\sqrt{n-m-1}}{\sqrt{1-r^2}} \quad (7)$$

Егер $t_{\text{есеп.}} > t_{\text{кесте}}$ болса, онда сызықты коэффициент маңызды болып саналады, «тәуелді және тәуелсіз айнымалылар арасындағы байланыс маңызды» дегенді білдіреді [8].

Әр айнымалы үшін t -критерий мәні төменде есептелінген.

«Бөлінген грант саны» айнымалысы үшін:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{0,361601126011\sqrt{12-6-1}}{\sqrt{1-0,361601126011^2}} = 0,867248923$$

«ҚР туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)» айнымалысы үшін:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{-0,119994156625569\sqrt{12-6-1}}{\sqrt{1-(-0,119994156625569)^2}} = -0,27027$$

«Халық саны» айнымалысы үшін:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{0,638185042814284\sqrt{12-6-1}}{\sqrt{1-0,638185042814284^2}} = 1,853561$$

«Мектептегі оқушылар саны» айнымалысы үшін:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{0,554429355491145\sqrt{12-6-1}}{\sqrt{1-0,554429355491145^2}} = 1,48966097$$

«ЖІӨ, млрд USD» айнымалысы үшін:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{-0,243524967675702\sqrt{12-6-1}}{\sqrt{1-(-0,243524967675702)^2}} = -0,56144$$

«11-сынып бітірген түлектер саны» айнымалысы үшін:

$$t_{\text{есеп.}} = \frac{-0,244754103049278\sqrt{12-6-1}}{\sqrt{1-(-0,244754103049278)^2}} = -0,56144$$

Келесі Стьюдент кестесінен кестелік мән анықталады (Сурет 2).

	<i>p</i>		
<i>df</i>	0.05	0.01	0.001
1	12.70	63.65	636.61
2	4.303	9.925	31.602
3	3.182	5.841	12.923
4	2.776	4.604	8.610
5	2.571	4.032	6.869
6	2.447	3.707	5.959
7	2.365	3.499	5.408
8	2.306	3.355	5.041
9	2.262	3.250	4.781
10	2.228	3.169	4.587

Сурет 2. Стьюденттің *t*-критерийінің маңызды мәндері [10]

Сонда кестелік мән мынаған тең болды. $t_{\text{кесте}} = 2.571$. Есептелген барлық критерийлер кестелік мәндерден кіші, Пирсон корреляциясының барлық коэффициенттері статистикалық маңызды емес деген қорытындыға келуге болады. Ендігі кезекте регрессиялық талдау жасалынады. Зерттеуде тәуелсіз айнымалылар саны бірнеше болғандықтан, көптік регрессия құрылады. ЖОО түскен студенттер саны айнымалысы - тәуелді айнымалы ретінде анықталған. Көптік регрессиялық талдау – бір айнымалының екі немесе одан да көп тәуелсіз айнымалыларға тәуелділігін анықтау әдісі [11] болғандықтан, регрессиялық талдаудың міндеті - тәуелсіз айнымалылардың мәндері бойынша тәуелді айнымалының мәнін бағалауға мүмкіндік беретін математикалық үлгі құру болып табылады.

Регрессия коэффициенттерін бағалау векторын анықтау үшін ең кіші квадраттар әдісін қолданылады. Ең кіші квадраттар әдісіне сәйкес s векторы өрнектен алынады (8):

$$s = (X^T X)^{-1} X^T Y \quad (8)$$

X_i айнымалылар матрицасына бірлік баған қосылады.

$$X_i = \begin{pmatrix} 1 & 31387 & 22.51 & 16440470 & 2541862 & 200.38 & 151448 \\ 1 & 34315 & 22.7 & 16673933 & 2551502 & 215.9 & 172762 \\ 1 & 35053 & 22.73 & 16910246 & 2597942 & 243.78 & 168774 \\ 1 & 34165 & 23.1 & 17160855 & 2685063 & 227.44 & 149895 \\ 1 & 20057 & 22.71 & 17415715 & 2799585 & 184.36 & 133309 \\ 1 & 31700 & 22.52 & 17669896 & 2930583 & 137.28 & 129406 \\ 1 & 31702 & 21.64 & 17918214 & 3050770 & 159.4 & 124369 \\ 1 & 42982 & 21.77 & 17157337 & 3186234 & 170.54 & 127414 \\ 1 & 54000 & 21.73 & 18395567 & 3337783 & 181.67 & 143089 \\ 1 & 53864 & 22.76 & 18631779 & 3481347 & 171.1 & 117204 \\ 1 & 56000 & 23.5 & 18879552 & 3597159 & 197.1 & 140643 \\ 1 & 64061 & 20.41 & 19503159 & 3600000 & 220.5 & 161430 \end{pmatrix}$$

Y матрицасы мына түрде болады:

$$Y = \begin{pmatrix} 1195 \\ 1029 \\ 905 \\ 920 \\ 1306 \\ 1205 \\ 1190 \\ 966 \\ 986 \\ 1235 \\ 1451 \\ 1424 \end{pmatrix}$$

X^T матрицасы:

$X^T =$

$$\begin{pmatrix} 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 & 1 \\ 31387 & 34315 & 35053 & 34165 & 20057 & 31700 & 31702 & 42982 & 54000 & 53864 & 56000 & 64061 \\ 22.51 & 22.7 & 22.73 & 23.1 & 22.71 & 22.52 & 21.64 & 21.77 & 21.73 & 22.76 & 23.5 & 20.41 \\ 16440470 & 16673933 & 16910246 & 17160855 & 17415715 & 17669896 & 17918214 & 17157337 & 18395567 & 18631779 & 18879552 & 19503159 \\ 2541862 & 2551502 & 2597942 & 2685063 & 2799585 & 2930583 & 3050770 & 3186234 & 3337783 & 3481347 & 3597159 & 3600000 \\ 200.38 & 215.9 & 243.78 & 227.44 & 184.36 & 137.28 & 159.4 & 170.54 & 181.67 & 171.1 & 197.1 & 220.5 \\ 151448 & 172762 & 168774 & 149895 & 133309 & 129406 & 124369 & 127414 & 143089 & 117204 & 140643 & 161430 \end{pmatrix}$$

X^T матрицасы X матрицасына көбейтіледі:

$X^T X =$

$$\begin{pmatrix} 12 & 489286 & 268,08 & 212756723 & 36359830 & 2309,45 & 1719743 \\ 489286 & 21875407622 & 10885415,6 & 8785770627770 & 1532674090626 & 94635938 & 70171484988 \\ 268,08 & 10885415,6 & 5996,3986 & 4749585132,04 & 810945586,28 & 51621,0803 & 38413201,66 \\ 212756723 & 8785770627770 & 4749585132,04 & 3,78E + 15 & 6,486E + 14 & 40889774550,7 & 30439246040015 \\ 36359830 & 1532674090626 & 810945586,28 & 6,486E + 14 & 1,1197E + 14 & 6957173176,25 & 5177233078374 \\ 2309,45 & 94635938 & 51621,0803 & 40889774550,73 & 6957173176,25 & 454997,1149 & 336142248,97 \\ 1719743 & 70171484988 & 38413201,66 & 30439246040015 & 5177233078384 & 336142248,97 & 250006895209 \end{pmatrix}$$

$(X^T X)$ матрицасындағы 1-ші жол мен 1-ші бағанның қиылысуында жатқан 12 саны X^T матрицасының 1-ші жолының элементтері мен X матрицасының 1-ші бағанының көбейтінділерінің қосындысы ретінде алынады. $(X^T * Y)$ көбейтіндісі табылады:

$$X^T * Y = \begin{pmatrix} 13812 \\ 571856203 \\ 308354,4 \\ 246144413104 \\ 42316740279 \\ 2642524,32 \\ 1970295153 \end{pmatrix}$$

$(X^T X)^{-1}$ кері матрицасы табылады:

$$(X^T X)^{-1} = \begin{pmatrix} 272,4171 & 0,0000316 & -5,3005 & -8,0E-6 & -1,0E-6 & 0,07947 & -0,000292 \\ 0,000316 & 0 & 1,0E-6 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ -5,3005 & 1,0E-6 & 0,183 & 0 & 0 & -0,00277 & 5,0E-6 \\ -8,0E-6 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ -1,0E-6 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0,07947 & 0 & -0,00277 & 0 & 0 & 0,000389 & -1,0E-6 \\ -0,000292 & 0 & 5,0E-6 & 0 & 0 & -1,0E-6 & 0 \end{pmatrix}$$

Регрессия коэффициенттерін бағалау векторы:

$$Y(X) = (X^T X)^{-1} X^T Y = \begin{pmatrix} -3852,2762 \\ -0,1577 \\ 43,6036 \\ 0,000134 \\ 0,00053 \\ -1,5633 \\ 0,00695 \end{pmatrix}$$

Нәтижесінде регрессия теңдеуінің коэффициенттері табылды.

Регрессиялық талдау нәтижесі төмендегі суретте ұсынылған (Сурет 3).

ҚОРЫТЫНДЫ								
Регрессиялық статистика								
Көптік R	0,767427567							
R-квадрат	0,58894507							
Түзетілген R-квадрат	0,095679154							
Стандартты қате	179,5623998							
Бақылаулар саны	12							
Дисперсиялық талдау								
	df	SS	MS	F	F Маңыздылық			
Регрессия	6	230980,7228	38496,78714	1,1939707	0,432222327			
Қалдық	5	161213,2772	32242,65543					
Барлығы	11	392194						
	Коэффициенттер	Стандартты қате	t-статистика	P-мән	Төменсі 95%	Жоғарғы 95%	Төменсі 95,0%	Жоғарғы 95,0%
У- қнылысу	-3852,276245	2963,688616	-1,299824895	0,2503561	-11470,68037	3766,127878	-11470,68037	3766,127878
Бөлінген срант саны	-0,015766776	0,014047319	-1,12240462	0,3126777	-0,05187656	0,020343008	-0,05187656	0,020343008
ҚР Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	43,6035582	76,81045166	0,567677409	0,5947945	-153,8439936	241,05111	-153,8439936	241,05111
Халық саны	0,000133713	0,000185991	0,718922108	0,5043753	-0,000344392	0,000611819	-0,000344392	0,000611819
Мектептегі оқушылар саны	0,000529959	0,000778592	0,680663809	0,5263207	-0,001471474	0,002531393	-0,001471474	0,002531393
ЖІӨ , млрд USD	-1,563278185	3,539528681	-0,44166281	0,6771802	-10,66192632	7,53536995	-10,66192632	7,53536995
11-сынып бітірген түлектер саны	0,00695293	0,008010307	0,867997956	0,4250872	-0,01363822	0,027544081	-0,01363822	0,027544081

Сурет 3. Регрессиялық талдау нәтижесі

Сонда регрессиялық теңдеу мынадай түрге келеді (9):

$$y = -0.015766776x_1 + 43.6035582x_2 + 0.000133713x_3 + 0.000529959x_4 - 1.563278185x_5 + 0.00695293x_6 - 3852.276245 \quad (9)$$

Мұндағы, x_1 – бөлінген грант саны, x_2 – ҚР туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға), x_3 – халық саны, x_4 – Мектептегі оқушылар саны, x_5 – ЖІӨ, млрд USD, x_6 – 11-сынып бітірген түлектер саны, y – ЖОО түскен студенттер саны.

Регрессиялық теңдеудің маңыздылығы және оның коэффициенттерін тексеру, жуықтаудың абсолютті және салыстырмалы қателіктерін сияқты есептеулерді жүргізіп, статистикалық талдау жасауға болады (Сурет 4).

Y	$Y(x)$	ε	ε^2	$(Y-Y_{cp})^2$	$ \varepsilon:Y $
1195	919,5158	275,484	75891,568	1936	0,230531
1029	1041,894	-12,894	166,252	14884	0,01253
905	1016,463	-111,463	12424,017	60516	0,123164
920	1020,557	-100,557	10111,744	53361	0,109301
1306	1272,784	33,216	1103,283	24025	0,025433
1205	1230,8	-25,800	665,631	2916	0,021411
1190	1219,693	-29,693	881,681	1521	0,024952
966	1021,32	-55,320	3060,327	34225	0,057267
986	1183,328	-197,328	38938,357	27225	0,20013
1235	1174,599	60,401	3648,288	7056	0,048908
1451	1390,018	60,982	3718,758	90000	0,042027
1424	1321,027	102,973	10603,372	74529	0,072312

Сурет 4. Есептеулер

Жылжытылмаған қателіктің мәні: $\varepsilon = Y - Y(x) = Y - X \cdot s$ (абсолютті жуықтау қатесі).
Жуықтаудың орташа қателігі (10):

$$A = \frac{\sum |\varepsilon:Y|}{n} 100\% = \frac{0.968}{12} 100\% = 8.07\% \quad (10)$$

Дисперсияны бағалау (11):

$$S_e^2 = (Y - Y(X))^T (Y - Y(X)) = 161213.277 \quad (11)$$

Дисперсияның жылжытылмаған бағалауы мынаған тең (12):

$$S^2 = \frac{1}{n-m-1} S_e^2 = \frac{1}{12-6-1} 161213.277 = 32242.6554 \quad (12)$$

Орташа квадраттық ауытқуды бағалау (Y үшін стандартты қателік) (13):

$$S = \sqrt{S^2} = \sqrt{32242.6554} = 179.562 \quad (13)$$

Зерттеу нәтижелері

r -квадрат деп белгіленген детерминация коэффициенті регрессия теңдеуі нақты деректер нүктелерін қаншалықты жақсы модельдейтінін өлшейді. Есептеулер нәтижесінде 0,5889-ға тең болды. Жеткілікті жақсы мән ретінде анықталды.

Корреляциялық теңдеу бойынша күтілетін мәндер бақыланатын мәндермен бірге ауытқуларды есептеу үшін қолданылды. Регрессиялық талдаудағы ауытқулар деректер жиынындағы бақыланатын мәндер мен регрессия теңдеуі арқылы есептелген күтілетін мәндер арасындағы айырмашылықтарды сипаттайды [12]. Регрессия теңдеуі бойынша күтілетін мәндердің есептелуі алынды (Сурет 5).

Жыл	Бөлінген грант саны	ҚР Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	Халық саны	Мектептің оқушылар саны	ЖІӨ, млрд USD	11-сынып бітірген түлектер саны	Түскен студенттер саны	Регрессия мәні
2011	31387	22,51	16440470	2541862	200,38	151448	1195	919,5158
2012	34315	22,70	16673933	2551502	215,90	172762	1029	1041,894
2013	35053	22,73	16910246	2597942	243,78	168774	905	1016,463
2014	34165	23,10	17160855	2685063	227,44	149895	920	1020,557
2015	20057	22,71	17415715	2799585	184,36	133309	1306	1272,784
2016	31700	22,52	17669896	2930583	137,28	129406	1205	1230,8
2017	31702	21,64	17918214	3050770	159,40	124369	1190	1219,693
2018	42982	21,77	17157337	3186234	170,54	127414	966	1021,32
2019	54000	21,73	18395567	3337783	181,67	143089	986	1183,328
2020	53864	22,76	18631779	3481347	171,10	117204	1235	1174,599
2021	56000	23,50	18879552	3597159	197,10	140643	1451	1390,018
2022	64061	20,41	19503159	3600000	220,50	161430	1424	1321,027
2023	60187,65152	21,74363636	19348764	3752213	176,4353	129743,5		1348,842

Сурет 5. Күтілетін мәндер

Регрессия сызығы тұрғызылды (Сурет 6).



Сурет 6. Регрессия сызығы

Бұл жұмыста тәуелсіз айнымалылар арқылы қысқарту әдісін қолдану, негізгі және қысқартылған жүйелердің дерлік көп периодты шешімдерінің ауытқуларының тиімді бағасын алу қарастырылады. Ол үшін интегродифференциалдық оператордың және сызықтық жүйенің матрицантының сипаттамалық функцияларына жаңа бағалауларды дәлелдеу; эволюциялық шешімдерге дерлік көп периодты шешімдердің тұрақтылығын зерттеу теориялық қызығушылық тудырады. Оларды тәуелсіз айнымалылардың есептелетін жиыны бар бірінші ретті дербес дифференциалдық теңдеулердің тербелмелі шектеулі шешімдерін одан әрі зерттеуде қолдануға болады. Бұл нәтижелер математикалық физиканың эволюциялық теңдеулерінің периодты дерлік шешімдерін зерттеуде де пайдалы болады. Дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің қарапайым және дербес туындылары бар осындай шешімдерін зерттеу механикада, физикада және техникада туындайтын көптеген қолданбалы есептермен байланысты. А.М. Самойленко еңбектерінде периодтық коэффициенттері бар сызықтық жүйелердің классикалық теориясы және сызықты емес периодтық жүйелердің жалпы теориясы жасалды. В.И. Арнольд, Е.А. Барбашин, Н.Н. Боголюбов, М.И. Иманалиев, Қ.Г. Валеевтың және т.б. еңбектері дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің периодтық және дерлік периодты шешімдері теориясын және олардың әдістерін (Ляпунов-Пуанкаре әдістері, орташалау әдісі, интегралдық коллекторлар әдісі және т.б.) одан әрі дамытуға және жалпылауға арналған. Д.Ү. Үмбетжанов өз еңбектерінде негізінен әр түрлі шағын параметрлері бар дербес дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің көппериодты және дерлік көппериодты шешімдерін зерттеген. Сонымен қатар сызықты емес сипаттамалық жүйелермен байланысты тәуелсіз айнымалыларға қатысты дифференциалдау операторы бар сызықтық жүйе зерттеледі [1].

Зерттеу әдіснамасы

$$D_{\varepsilon}^x x = P(t, \varphi)x + \mu Q(t, \varphi, x, \mu) + \mu \int_{-\infty}^{\infty} R\{t_1, t, \varphi, (t_1, \varphi), \mu\} \psi(t - t_1) dt_1 \quad (1)$$

дербес туындылы интегродифференциалдық теңдеулер жүйесін қарастырайық [1].

Дифференциалдық оператор

$$D_{\varepsilon}^x = \frac{\partial}{\partial t} + a(t, \varphi, x, \varepsilon) \frac{\partial}{\partial \varphi}, \quad (2)$$

мұндағы

$$a \frac{\partial}{\partial \varphi} = \sum_{k=1}^{\infty} a_k(t, \varphi, x, \varepsilon) \frac{\partial}{\partial \varphi_k}, \text{ ал } x, Q, M \text{ п-өлшемді вектор-бағаналар,}$$

$P(t, \varphi)$ $n \times n$ -өлшемді матрица, $\mu > 0$ - кіші параметр,

$$R = \{x : \|x\| \leq \Delta\} \subset R^n, R_\varphi = \{\varphi : \|\varphi\| < \infty\},$$

мұндағы

$$\|\varphi\| = \sup_k |\varphi_k|, t \in R = (-\infty, \infty), E_{\varepsilon_1} = \{\varepsilon := |\varepsilon - \varepsilon_0| \leq \varepsilon_1\},$$

$M_{\mu_0} = [0, \mu_0]$, $\Delta, \varepsilon_1, \mu_0$ оң тұрақтылар болсын.

W_m, V_m операторлары $\varphi = (\varphi_1, \varphi_2, \dots, \varphi_m, \dots)$ векторына төмендегідей сәйкестік орнатады:

$$W_m \varphi = (\varphi_1, \dots, \varphi_m, 0, \dots), V_m \varphi = (0, \dots, 0, \varphi_{m+1}, \varphi_{m+2}, \dots).$$

Сонда $W_m + V_m$ - тепе-тең оператор болатыны белгілі.

π -функциясы туралы түсінік енгізейік.

$R \times R_\varphi$ облысында жататын n -өлшемді $x(t, \varphi) = \{x_1(t, \varphi), \dots, x_n(t, \varphi)\}$ вектор – функциясы π -

функциясы деп аталады, егер ол:

- 1) t, φ айнымалылары бойынша үзіліссіз,
- 2) норма бойынша шектелген, яғни $\|x(t, \varphi)\| \leq p$, мұндағы $p > 0$ - тұрақты шама,
- 3) φ бойынша Липшицтің күшейтілген шартын:

$$\|x(t, W_m \varphi + V_m \bar{\varphi}) - x(t, W_m \varphi + V_m \phi)\| \leq d_m \|V_m(\bar{\varphi} - \phi)\|,$$

мұндағы $d > 0$, $m \rightarrow \infty$ қанағаттандырса,

4) φ векторының координаттары бойынша шектелген және бірқалыпты үзіліссіз 1-ретті дербес туындылары бар болса.

Бұндай функциялардың класын $\pi(p, d_m)$ арқылы белгілеп, $x(t, \varphi) \in \pi(p, d_m)$ түрінде жазамыз.

π - функциясының кейбір қасиеттерін атап өтелік:

$q_0, q_1, q_2, \dots$ - монотонды түрде нольге ұмтылатын оң сандық тізбек.

а) φ векторының координаталарына қатысты бірінші ретті шектелген және үздіксіз жеке туындылары бар.

1. π - функция $x(t, \varphi)$ салыстырмалы түрде қарапайым Липшиц шартын q_0 - тұрақтысымен қанағаттандырады, яғни $\|x(t, \bar{\varphi}) - x(t, \phi)\| \leq q_0 \|\bar{\varphi} - \phi\|$,

2. π - функция t, φ айнымалылар жиынында үздіксіз,

3. π - функцияның $\sum_{k=1}^{\infty} \left\| \frac{\partial x(t, \phi)}{\partial \phi_k} \right\|$ қатары бірқалыпты жинақталады және $\sum_{k=m+1}^{\infty} \left\| \frac{\partial x(t, \phi)}{\partial \phi_k} \right\| \leq q_m$

Бұл қасиеттердің дәлелдеулері Д.Ү.Үмбетжановтың [1] еңбектерінде қарастырылған.

Осындай π - функциялар класын $\pi(p, q_m)$ арқылы белгілейміз.

Сонымен, (N_∞) және (S_∞) шарттары орындалсын деп есептейміз [2].

Осы шарттар орындалғанда мына теңсіздіктер орын алады:

$$\|a(t, \varphi, 0, \varepsilon)\| \leq a_0, \|P(t, \varphi)\| < P_0, \|Q(t, \varphi, 0, \mu)\| \leq Q_0, \|R(t, \varphi, 0, \mu)\| \leq R_0,$$

$$\|a(t, w_m \varphi + v_m, \bar{\varphi}, \bar{x}, \varepsilon) - a(t, w_m \varphi + v_m, \varphi, x, \varepsilon)\| \leq a_m \|v_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| + \alpha \|\bar{x} - x\|,$$

$$\|P(t, w_m \varphi + v_m \bar{\varphi}) - P(t, W_m \varphi + v_m \varphi)\| \leq \theta_m \|v_m (\bar{\varphi} - \varphi)\|,$$

$$\|Q(t, w_m \varphi + v_m \bar{\varphi}, \bar{x}, \mu) - Q(t, w_m \varphi + v_m \varphi, x, \mu)\| \leq \delta \|v_m (\bar{\varphi} - \varphi)\| + \delta \|\bar{x} - x\|,$$

$$\|R(t_1, t, w_m \varphi + v_m \bar{\varphi}, \bar{x}, \mu) - R(t_1, t, w_m \varphi + v_m \varphi, x, \mu)\| \leq x_m \|v_m (\bar{\varphi} - \varphi)\| + x \|\bar{x} - x\|,$$

мұндағы оң тұрақтылар $\alpha_m, \theta_m, \delta_m, x_m$ - Липшицтің күшейтілген шартының коэффициенттері және $m \rightarrow \infty$ болғанда нольге монотонды жинақталады.

φ аргументіне байланысты:

$$x \in R, \varepsilon \in E_{\varepsilon_1}, \mu \in M_{\mu_0}, \text{ бойынша } \bar{a}_0 = \alpha \Delta + a_0, \bar{Q}_0 = \delta \Delta + Q_0, \bar{R}_0 = x \Delta + R_0.$$

Олай болса, $a(t, \varphi, x, \varepsilon) \in \pi(\bar{a}_0, \alpha_m), P(t, \varphi) \in \pi(P_0, \theta_m), Q(t, \varphi, x, \mu) \in \pi(\bar{Q}_0, \delta_m), R(t_1, t, \varphi, x, \mu) \in \pi(\bar{R}_0, x_m).$

Сонымен қатар, $a(t, \varphi, x, \varepsilon)$ векторлық функциясының $\varepsilon \in E_{\varepsilon_1}$ салыстырмалы үзіліссіздігінен шығатыны, әрбір $\beta > 0$ үшін $0 < \varepsilon_2 \leq \varepsilon_1$ табылып, $|\varepsilon - \varepsilon_0| < \varepsilon_2$ болғанда $\|a(t, \varphi, x, \varepsilon) - a(t, \varphi, x, \varepsilon_0)\| \leq \beta$ теңсіздігі орындалады.

(2) қатынастарынан $m = 0$ болғанда φ, x координаталар бойынша әдеттегі Липшиц шарттарын аламыз

$H_n(\Delta, \delta_m)$ класы $\|f(t, \varphi)\| \leq \Delta, \|f(t, w_m \varphi + v_m \bar{\varphi}) - f(t, w_m \varphi + v_m \varphi)\| \leq \delta_m \|v_m (\bar{\varphi} - \varphi)\|$ шарттарын қанағаттандыратын $f(t, \varphi)$ n -өлшемді π - функциялар класы болсын.

Сонымен қатар, $a(t, \varphi, x, \varepsilon)$ вектор-функциясының $\varepsilon \in E_{\varepsilon_1}$ -ге қатысты үзіліссіздігінен әрбір $\beta > 0$ үшін $0 < \varepsilon_2 \leq \varepsilon_1$ табылады және $|\varepsilon - \varepsilon_0| < \varepsilon_2$ болғанда мына теңсіздік $\|a(t, \varphi, x, \varepsilon) - a(t, \varphi, x, \varepsilon_0)\| \leq \beta$ шығады.

Бұдан біз, $m = 0$ болғанда (2) қатынастан φ, x координаттары бойынша Липшицтің кәдімгі шарты алынатынын көреміз.

Енді $H_n(\Delta, \delta_m)$ - ды $\|f(t, \varphi)\| \leq \Delta, \|f(t, w_m \varphi + v_m \bar{\varphi}) - f(t, w_m \varphi + v_m \varphi)\| \leq \delta_m \|v_m (\bar{\varphi} - \varphi)\|$ шартын қанағаттандыратын $f(t, \varphi)$ n -өлшемді π - функциялар класы болсын делік және оны t, φ бойынша $m \rightarrow \infty$ болғанда η - дерлік периодты вектормен бірге дерлік көппериодты функциялар класы деп есептейік.

Кейбір $f(t, \varphi) \in H_n(\Delta, \delta_m)$ функциялар үшін мына теңдеуді

$$\frac{d\varphi}{dt} = a[t, \varphi, f(t, \varphi), \varepsilon] \quad (3)$$

қарастырайық.

Әрі қарай жазуды қысқарту үшін мынадай белгілеу енгіземіз $r(t, \varphi, \varepsilon) = a(t, \varphi, f(t, \varphi), \varepsilon)$.

Сонда $r(t, \varphi, \varepsilon)$ вектор-функциясы үшін $r_m = \alpha_m + \alpha \delta_m$ белгілеуі Липшиц шартының күшейтілген шартының коэффициенті болады.

(N_∞) шарттары (3) теңдеудің Коши есебінің шешімінің бар болуы мен жалғыздығын салыстырмалы түрде қамтамасыз етеді. $(t_0, \varphi_0) \in R \times R_\varphi$ нүктесі арқылы өтетін (3) теңдеудің

шешімін $\varphi = \lambda_f(t, t_0, \varphi_0, \varepsilon)$ арқылы белгілейік. (3) теңдеуді φ_0 -ге қатысты шешіп және t_0 -ді $S \in R$ -ге ауыстыра отырып,

$$\lambda_f(t, t_0, \varphi_0, \varepsilon) = \varphi + \int_t^S r[s_1, \lambda_f(s_1, t, \varphi, \varepsilon), \varepsilon] ds_1 \quad (4)$$

түріндегі интегралды кескінді қабылдайтын сипаттамалық $\lambda(s, t, \varphi, \varepsilon)$ векторлық функцияны аламыз.

Лемма I. $s \in R, t \in R, \varphi \in R_\varphi, \varepsilon \in E_{\varepsilon_1}$ болғанда сипаттамалық $\lambda(s, t, \varphi, \varepsilon)$ векторлық- функция үшін төмендегі бағалаулар дұрыс болады [3]:

$$I \text{ a) } \left\| \lambda_f(s, t, w_m \varphi + v_m \bar{\varphi}, \varepsilon) - \lambda_f(s, t, w_m \varphi + v_m \varphi, \varepsilon) \right\| \leq \left[1 + \frac{2r_m}{r_0} (e^{2r_0|t-s|} - 1) \right] \|v_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|;$$

$$I \text{ b) } \left\| \lambda_f(s+r, t+r, \varphi+v, \varepsilon) - \lambda_f(s, t, \varphi, \varepsilon) - v \right\| \leq \frac{\|\Delta_{\tau, v} r\|}{r_0} (e^{r_0|t-s|} - 1);$$

$$I \text{ c) } \left\| \lambda_f(s, t, \varphi, \varepsilon) - \lambda_q(s, t, \varphi, \varepsilon) \right\| \leq \frac{\alpha \|f - g\|_H}{r_0} (e^{r_0|t-s|} - 1);$$

$$I \text{ d) } \left\| \lambda_f(s, t, \varphi, \varepsilon) - \lambda_f(s, t, \varphi, \varepsilon_0) \right\| \leq \frac{\beta}{r_0} (e^{r_0|t-s|} - 1), |\varepsilon - \varepsilon_0| < \varepsilon_2.$$

Зерттеу нәтижелері

Дәлелдеу. I a) $\bar{\lambda} = \lambda(s, t, W_m \bar{\phi} + V_m \bar{\phi}, \varepsilon)$, $\lambda = \lambda(s, t, W_m \phi + V_m \phi, \varepsilon)$ болсын.

Егер $\bar{\lambda} = W_m \bar{\lambda} + V_m \bar{\lambda}$, $\bar{\lambda} = W_m \lambda + V_m \lambda$ деп алсақ, сонда $\|\bar{\lambda} - \lambda\| \leq \|W_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| + \|V_m(\bar{\lambda} - \lambda)\|$ және $\overline{U_m} \|W_m(\bar{\lambda} - \lambda)\|$, $U_m = \|V_m(\bar{\lambda} - \lambda)\|$ болады.

(4) өрнекті пайдаланып, мына бағалауға келеміз:

$$\|W_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| \leq \left| \int_r^S \|r(s_1, \bar{\lambda}, \varepsilon) - r(s_1, \lambda, \varepsilon)\| ds_1 \right| \leq \left| \int_r^S \left\{ r_m \|V_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| + r_0 \|W_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| \right\} ds_1 \right|;$$

$$\|V_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| \leq \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| + \left| \int_r^S \|r(s_1, \bar{\lambda}, \varepsilon) - r(s_1, \lambda, \varepsilon)\| ds_1 \right| \leq$$

$$\leq \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| + \left| \int_r^S \left\{ r_m \|V_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| + r_0 \|W_m(\bar{\lambda} - \lambda)\| \right\} ds_1 \right|$$

$$\overline{U_m} \leq \left| \int_t^S (r_m U_m + r_0 \overline{U_m}) ds_1 \right|, \quad \overline{U_m} \leq \left| \int_t^S (r_m U_m + r_0 \overline{U_m}) ds_1 \right| + \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|.$$

$\overline{U_m}$ -ды r_0 -ға, ал U_m -ды r_m -ға көбейтсек және олады қосатын болсақ, мына теңсіздік шығады $r_0 \overline{U_m} + r_m U_m \leq r_m \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| + (r_0 + r_m) \left| \int_t^S (r_m U_m + r_0 \overline{U_m}) ds_1 \right|$.

Беллман-Гронуолл леммасы эволюциялық теңдеулер теориясында кеңінен қолданылады [4,5].

$$r_0 \overline{U_m} + r_m U_m \leq r_m \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| e^{(r_0 + r_m)|t-s|}. \quad (5)$$

$\overline{U_m}$ және U_m -дің бағалаулары үшін мына теңсіздікті қарастырамыз

$$U_m - \overline{U_m} \leq \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| + \left| \int_t^s (r_m U_m + r_0 \overline{U_m}) - (r_m U_m + r_0 \overline{U_m}) ds_1 \right|.$$

Сонда $U_m = \overline{U_m} + \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|$.

Сонымен, (5) теңсіздіктен шығатыны $r_0 \overline{U_m} + r_m (U_m + \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|) \leq r_m \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| e^{(r_0 + r_m)|t-s|}$

$$\text{Бұдан } \overline{U_m} = \frac{r_m \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|}{r_0 + r_m} (e^{(r_0 + r_m)|t-s|}). \quad U_m = \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\| + \frac{r_m \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|}{r_0 + r_m} (e^{(r_0 + r_m)|t-s|}).$$

Оң бөліктерді күшейте отырып мына теңсіздіктерді аламыз

$$\overline{U_m} \leq \frac{r_m}{r_0} (e^{2r_0|t-s|}) \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|, \quad U_m \leq \left(1 + \frac{r_m}{r_0}\right) (e^{2r_0|t-s|}) \|V_m(\bar{\varphi} - \varphi)\|.$$

Сонымен біз $\|W_m(\bar{\lambda} - \lambda)\|$ және $\|V_m(\bar{\lambda} - \lambda)\|$ бағалауларын дәлелдедік.

Біз қарастыратын сызықталған жүйе

$$D_\varepsilon^f x = P(t, \varphi)x \quad (6)$$

$H_n(\Delta, \delta_m)$ класында сынықты емес болсын [6-8].

Олай болса, (6) жүйе үшін Грин типтегі матрица $X_f^*(t_0, t, \varphi, \varepsilon)$ құрылуы мүмкін, және ол $t \neq t_0$ болғанда $\|X_f^*(t_0, t, \varphi, \varepsilon)\| \leq B e^{-\gamma|t-t_0|}$ шартын қанағаттандырады.

Сонымен қатар, $X_f^*(t-0, t, \varphi, \varepsilon) - X_f^*(t+0, t, \varphi, \varepsilon) = E$ мұндағы $B \geq 1, \gamma > 0$ - кейбір тұрақтылар және E - $n \times n$ өлшемді матрица.

$r_0 \leq \frac{\gamma}{2B}$ немесе $r\alpha_0 \leq 1$ болғанда, Грин типтегі матрицаның дербес туындылары мына шартты қанағаттандырады:

$$\sum_{k=1}^{\infty} \left\| \frac{\partial X_f^*}{\partial \varphi_k} \right\| \equiv \left\| \frac{\partial X_f^*}{\partial \varphi} \right\| \leq B^* e^{-\frac{\gamma}{2}|t-t_0|}, \quad \forall t \neq t_0.$$

Енді

$$Dx = P(t, \phi)x + \mu Q \left\{ t, \phi, x, \int_{-\infty}^{\infty} M[t', t, \varphi, x(t', \varphi)] \nu(t-t') dt', \mu \right\} \quad (7)$$

түрінде берілген интегродифференциалды теңдеулер жүйесін қарастырайық, мұндағы

$$D = \frac{\partial}{\partial t} + \sum_{k=1}^{\infty} a_k \left\{ t, \varphi, x, \int_{-\infty}^{\infty} N[t', t, \varphi, x(t', \varphi)] \omega(t-t') dt', \mu \right\} \frac{\partial}{\partial \varphi_k}$$

– дифференциалдық оператор, ал x, Q, M, n - вектор-бағаналар.

Белгілеулер енгіземіз:

$$U(x) = \int_{-\infty}^{\infty} N[t', t, \varphi, x(t', \varphi)] \omega(t - t') dt' \in R_{\Delta_1} = \{u : \|u\| \leq \Delta_1\} \subset R^q,$$

$$V(x) = \int_{-\infty}^{\infty} M[t', t, \varphi, x(t', \varphi)] \nu(t - t') dt' \in R_{\Delta_2} = \{v_0 : \|v\| \leq \Delta_2\} \subset R^n$$

Сонда (7) жүйе мына түрге келеді:

$$Dx = \frac{\partial x}{\partial t} + \sum_{k=1}^{\infty} a_k \{t, \varphi, x, u, \mu\} \frac{\partial}{\partial \varphi_k} = P(t, \varphi)x + \mu Q\{t, \varphi, x, v, \mu\}.$$

(7) жүйенің дерлік көппериодты жалғыз шешімінің бар болуын дәлелдеу үшін $(\pi_1^{\infty}), (\pi_2^{\infty}), (\pi_3^{\infty})$ шарттарының орындалуын қарастырамыз [9-11].

Сонымен (1) жүйеден алынған φ бойынша қысқартылған мына жүйені қарастырсақ:

$$D_m y = P(t, W_m \varphi) y + \mu Q(t, W_m \varphi, y, \mu) + \mu \int_{-\infty}^{\infty} M[t', t, W_m \varphi, y] \nu(t - t') dt' \quad (8)$$

Теорема. Кез келген m үшін сынықты болмайтын $D_m^f y = P(t, W_m \varphi) y$ қысқартылған жүйе берілсін және a, P, Q, M шамалары үшін $(\pi_1^{\infty}), (\pi_2^{\infty}), (\pi_3^{\infty})$ шарттары орындалсын. Сонда $\alpha_0 l \leq 1, 0 < \mu < \bar{\mu}$ болған жағдайда (1), (8) жүйелердің әрқайсысының жалғыз дерлік көппериодты шешімі бар болады, әрі көппериодты $x^*(t, \varphi)$ шешімі φ бойынша қысқарту әдісі арқылы табылуы мүмкін, яғни

$$\lim_{m \rightarrow \infty} y^*(t, W_m \varphi) = x^*(t, \varphi)$$

өрнегі норма бойынша жинақталады, мұндағы $y^*(t, W_m \varphi)$ - (8) жүйенің дерлік көппериодты шешімі.

Дискуссия

Алынған нәтижелер дерлік периодты және көппериодты шешімдер теориясы бойынша бұрын белгілі классикалық нәтижелермен үйлеседі. Атап айтқанда, бұл жұмыста алынған бағалаулар мен жеткілікті шарттар Д.Ү. Үмбетжанов еңбектерінде дамытылған әдістерді интегродифференциалдық эволюциялық теңдеулердің кеңірек класына жалпылауға мүмкіндік береді.

Қысқарту әдісін қолдану негізгі жүйенің шешімдерін қысқартылған жүйенің дерлік көппериодты шешімдері арқылы бірқалыпты жуықтауға болатынын көрсетеді. Бұл тәсіл зерттелетін теңдеулердің сапалық қасиеттерін талдауда тиімді құрал болып табылады.

Алдағы зерттеулер сызықты емес эволюциялық теңдеулерге, айнымалы коэффициенттері бар жүйелерге, сондай-ақ қолданбалы есептерде кездесетін модельдерге қысқарту әдісін қолдануға бағытталуы мүмкін.

Қорытынды

Жұмыста келесі нәтижелер алынды: интегралды дифференциалдық оператордың және сызықталған жүйенің матрицантының сипаттамалық функциясы үшін жаңа бағалар дәлелденді; интегралды теңдеулердің тәуелсіз айнымалыларының есептелетін жиынтығынан көп периодты шешімдердің болуы мен бірегейлігінің жеткілікті шарттары алынды. Мұнда орталық шарттардың бірі – К.П. Персидский алғаш рет қолданған Липшицтің күшейтілген шарты; негізгі жүйенің шешімі тәуелсіз айнымалылар бойынша қысқартылған жүйенің көп периодты шешімімен бірқалыпты жуықталуы мүмкін екендігі көрсетілген. Сонымен қатар,

қысқарту әдісінің қолданылуы эволюциялық тендеулердің дерлік көппериодты шешімдерін құрудың тиімді тәсілі екенін көрсетті. Алынған нәтижелер математикалық физикада, динамикалық жүйелер теориясында және қолданбалы модельдерде пайдаланылуы мүмкін. Бұл бағыттағы зерттеулерді одан әрі жалғастыру маңызды болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- [1] Умбетжанов Д.У. Почти многопериодические решения дифференциальных уравнений в частных производных // Алма-Ата, Наука – 1979.- 273с.
- [2] Ысмагул Р.С., Гиолла Т. Решение одной счётной системы почти многопериодических уравнений методом укорочения // Журнал «Математическое и программное обеспечения систем», Магнитогорск, 2018, Т.6, №2, с.19-23.
- [3] Исмагулова Р.С. О применении метода укорочения к построению почти многопериодического решения одной системы интегродифференциальных уравнений частных производных //Алма-Ата. - 1987.- 25 с. Деп. в ВИНТИ 3.07.87. №5474-В.87 Деп.
- [4] Умбетжанов Д.У. Почти периодические решения эволюционных уравнений // Алма-Ата, Наука. – 1990. - 188 с.
- [5] Ысмагул Р.С., Карим А.О., Хамитбеков Ж.Р. Гильберт кеңістігіндегі бірінші ретті дифференциалды теңдеудің шешімі // Вестник КазНПУ имени Сатпаева. Серия физико-математическая. -2019. -№ 6 (136). - 6.788-792.
- [6] Ysmagul R.S., Kolesnikova A.S. On one account system of integro-differential equations in private derivatives of first order // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия физико-математическая. –2018. –№ 3 (63). с. 178-181.
- [7] Ysmagul R.S., Kolesnikova A.S. Some estimates of characteristic functions and matrix of a linear uniform equation in private derivatives // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия физико-математическая, 2019. № 2 (63).-с.46-50.
- [8] Ысмагул Р.С., Муканов Т.Л. Решение одной счетной системы эволюционных уравнений методом укорочения //Многопрофильный научный журнал "3i -intelekt, ideya, innovatsiya" КГУ им. А. Байтұрсынова, 2014. Вып.1, с.93-99.
- [9] Ysmagul, R. and Zhumartova B. 2021. Characteristic function of the system D–Equatio. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences. 75, 3 (Sep. 2021), 29–34. DOI:<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7901.03>.
- [10] Жумартова Б.О., Утемисова А.А., Ысмагул Р.С. Метод наименьших квадратов как инструмент для краткосрочного прогнозирования эпидемиологической динамики// Вестник КазНПУ им. Абая, серия «физ.-мат. наук», Алматы, 2024. №1(85), с.22-29 DOI: [10.51889/2959-5894.2024.85.1.002](https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.85.1.002)
- [11] A. Abylkassymova, B. Kaskatayeva, R. Kaparova, R. Ysmagul, F. Nametkulova Preparation of bachelors for professionally oriented teaching of mathematics to schoolchildren at a pedagogical university Received 23.11.2023, Revised 09.02.2024, Accepted 28.03.2024. - p.2423-2434 <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.242wd3>

References

- [1] Umbetzhonov D.U. (1990) Pochti mnogoperiodicheskie resheniya differencial'nyh uravnenij v chastnyh proizvodnyh [Almost periodic solutions of partial differential equations]. Alma-Ata: Nauka, 273 p. (In Russian)
- [2] Ysmagul R.S., Ginolla T. (2018) Reshenie odnoj schetnoj sistemy pochti mnogoperiodicheskikh uravnenij metodom ukorochenija [Solving a single countable system of almost multiperiodic equations by the shortening method]. Matematicheskoe i programnoe obespechenie sistem v promyshlennoj i social'noj sferah, Vol. 6, No. 2, 19–23. <https://doi.org/10.18503/2306-2053-2018-6-2-19-23> (In Russian)
- [3] Ismagulova R.S. (1987) O primenении metoda ukorochenija k postroeniju pochti mnogoperiodicheskogo reshenija odnoj sistemy integrodifferencial'nyh uravnenij chastnyh proizvodnyh [On the application of the shortening method to the construction of an almost multiperiodic solution of a system of integro-differential partial differential equations]. Alma-Ata: VINITI, 3.07.87, No. 5474-V87. (In Russian).
- [4] Umbetzhonov D.U. (1990) Pochti periodicheskie resheniya jevoljucionnyh uravnenij [Almost periodic solutions of evolutionary equations]. Alma-Ata: Nauka, 188 p. (In Russian)

[5] Ysmağul R.S., Karim A.O., Hamitbekov Zh.R. (2019) Gilbert kenistigindegi birinshi retti diferensialdy tendeudin sheshimi [Solution of a first-order differential equation in Hilbert space]. Vestnik KazNITU imeni Satpaeva. Seriya fiziko-matematicheskaja, No. 6 (136), 788–792. (In Kazakh)

[6] Ysmagul R.S., Kolesnikova A.S. (2018) On one countable system of integro-differential equations in partial derivatives of the first order. Vestnik KazNPU. Seriya “Fiziko-matematicheskie nauki”, No. 3 (63), 178–181.

[7] Ysmagul R.S., Kolesnikova A.S. (2019) Some estimates of characteristic functions and matrix of a linear uniform equation in partial derivatives. Vestnik KazNPU. Seriya “Fiziko-matematicheskie nauki”, No. 2 (63), 46–50. <https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7901.03>

[8] Ysmagul R.S., Mukanov T.L. (2014) Reshenie odnoj schetnoj sistemy jevoljucionnyh uravnenij metodom ukorochenija [Solving a single countable system of evolutionary equations by the shortening method]. Mnogoprofil'nyj nauchnyj zhurnal “3i – intelekt, ideja, innovacija”, V. 1, 93-99. (In Russian)

[9] Ysmagul, R. and Zhumartova B. 2021. Characteristic function of the system d-equatio. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences. 75, 3 (Sep. 2021), 29–34. DOI:<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7901.03>.

[10] Zhumartova V.O., Utemissova A.A., Ysmagul R.S. (2024) Metod naimenshikh kvadratov kak instrument dlia kratkosrochnogo prognozirovaniya epidemiologicheskoy dinamiki [The least squares method for short-term forecasting of epidemiological dynamics]. Vestnik KazNPU. Seriya “Fiziko-matematicheskie nauki”, No. 1 (85), 22–29. <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.85.1.002>. (In Russian)

[11]. Abylkassymova A., Kaskatayeva B., Kaparova R., Ysmagul R., Nametkulova F. (2023) Preparation of bachelors for professionally oriented teaching of mathematics to schoolchildren at a pedagogical university. Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, No. 55, 2423–2434. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.242wd3>

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ
METHODS OF TEACHING MATHEMATICS

ГТАХР 14.07.07

10.51889/2959-5894.2025.92.4.010

А. Айтуар¹, Ж. Кеулимжаева^{2*}, Б. Омарбаева¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан

*e-mail: zh.keulimzhayeva@mail.ru

**GEOGEBRA БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ
6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ӘСЕРІ**

Аңдатпа

Бұл жұмыста GeoGebra интерактивті компьютерлік бағдарламасының 6-сынып оқушыларының «Сызықтық теңсіздіктер» тақырыбын меңгеруіне әсері қарастырылды. Зерттеу мәселесі – оқушылардың теңсіздіктерді түсінуі мен визуализациялауында кездесетін қиындықтар, соның салдарынан математиканы оқудағы мотивациясының төмендеуі. Осыны шешу үшін квазиэксперименттік әдіс қолданылды: Алматы қаласындағы Махатма Ганди атындағы №92 лицейдің 30 оқушысы эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Эксперименттік топта сабақтар GeoGebra арқылы, ал бақылау тобында дәстүрлі әдістермен жүргізілді. Деректер pre-test, post-test тестілері және Ликерт шкаласы бойынша сауалнама арқылы жиналды. Нәтижелер эксперименттік топтың оқу үлгерімі бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болғанын көрсетті (әсер мөлшері $d = 0,819$). Сауалнама нәтижелері GeoGebra оқушылардың түсінуін, визуализация қабілетін, өзіне деген сенімділігін және пәнге қызығушылығын арттырғанын айқындады. Зерттеу қорытындысы бойынша, GeoGebra жалпы орта мектептерде, әсіресе сызықтық теңсіздіктерді оқытуда тиімді педагогикалық құрал болып табылады.

Түйін сөздер: теңсіздіктер, сызықтық алгебралық теңсіздіктер, Geogebra, эксперимент, визуализация.

А. Айтуар¹, Ж. Кеулимжаева², Б. Омарбаева¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

²Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
г. Астана, Казахстан

**ВЛИЯНИЕ ПРОГРАММЫ GEOGEBRA НА ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ
УЧАЩИХСЯ 6 КЛАССА ПРИ ИЗУЧЕНИИ ЛИНЕЙНЫХ НЕРАВЕНСТВ**

Аннотация

В данной работе рассмотрено влияние интерактивной компьютерной программы GeoGebra на усвоение учащимися 6 класса темы «Линейные неравенства». Проблема исследования заключается в том, что многие школьники испытывают трудности при понимании и визуализации неравенств, что снижает их мотивацию и учебные достижения по математике. Для решения этой проблемы был использован квазиэкспериментальный метод: 30 учащихся специализированного лицея №92 имени Махатмы Ганди города Алматы были разделены на экспериментальную и контрольную группы. В экспериментальной группе занятия проводились с использованием программы GeoGebra, в контрольной – традиционными методами. Данные были собраны с помощью pre-test и post-test

тестирования, а также анкетирования по шкале Лайкерта. Результаты показали, что учащиеся экспериментальной группы продемонстрировали значительно более высокий уровень успеваемости по сравнению с контрольной группой (размер эффекта $d = 0,819$). По итогам опроса также выявлено, что GeoGebra способствует лучшему пониманию, развитию навыков визуализации, повышению уверенности и интереса к математике. Таким образом, GeoGebra можно рассматривать как эффективный педагогический инструмент для повышения качества обучения математике в средней школе, особенно при изучении линейных неравенств.

Ключевые слова: неравенства, линейные алгебраические неравенства, Geogebra, эксперимент, визуализация.

A. Aituar¹, Zh.Keulimzhayeva², B. Omarbayeva¹

¹kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

²S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Kazakhstan

THE IMPACT OF THE GEOGEBRA PROGRAM ON IMPROVING THE LEARNING QUALITY OF 6TH GRADE STUDENTS IN TEACHING LINEAR INEQUALITIES

Abstract

This study investigates the impact of the interactive computer program GeoGebra on the academic performance of 6th-grade learners in the topic of linear inequalities. The research problem is that many students face difficulties in understanding and visualizing inequalities, which decreases their motivation and achievement in mathematics. To address this issue, a quasi-experimental design was employed with 30 students from Mahatma Gandhi Specialized Lyceum No. 92 in Almaty, divided into experimental and control groups. The experimental group was taught using GeoGebra, while the control group received lessons through traditional methods. Data were collected through pre-tests, post-tests, and a student survey using a Likert scale. The results showed that learners in the experimental group demonstrated significantly higher academic performance compared to the control group, with a large effect size ($d = 0.819$). Survey findings also indicated that GeoGebra improved students' understanding, visualization skills, confidence, and interest in mathematics. The study concludes that GeoGebra is an effective pedagogical tool for enhancing the quality of mathematics education in secondary schools, particularly in teaching linear inequalities.

Keywords: inequalities, linear algebraic inequalities, Geogebra, experiment, visualization.

Кіріспе

Сызықтық теңсіздіктер мектеп математикасының 6-сыныбынан бастап оқытылады. Сызықтық теңсіздіктер мектепте дәстүрлі әдіспен қатар, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен де оқытуға болады. Жалпы математикалық қарапайым, күрделі есептерді шешуге әртүрлі компьютерлік пакеттер қолданылады, олар: Maple, Mathlab, Mathcad, Cabri 3D, Mathematica, Живая геометрия және т.б. Солардың кейбіреуін мектеп математикасын оқытуда кеңінен қолдануға болады, соның бірі компьютерлік интерактивті Geogebra бағдарламасы. GeoGebra бағдарламасын сабақта қолданудың тиімділігі мен маңыздылығы туралы көптеген зерттеулер жүргізілген. Мысалы, Zengin Y., Furkan H., Kutluca T. жұмысында GeoGebra бағдарламасының 8-сынып оқушыларына тригонометрияны оқытудағы оқушылардың оқу үлгеріміне әсерін зерттеген және GeoGebra бағдарламасының тригонометрия тақырыбын өту барысында қолдану тиімді, әрі оқушылардың визуализациясын жақсартуға көмектеседі деген қорытындыға келген [1]. Цифрлық ресурстар оқушыларды жан-жақты оқуға ынталандырады және математикалық модельдеуге, пішіндерді визуализациялауға көмектеседі. [2]-[4] жұмыстарында GeoGebra бағдарламасының оқушылардың геометриялық ұғымдарды және сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін түсінуіне әсерін, сонымен қатар Малайзиядағы математиканы оқытудағы GeoGebra бағдарламасының оқушылардың оқу үлгеріміне әсері мен тиімділіктері туралы зерттелінген. 2020 жылы жарияланған Mthethwa M., Bayaga A. жұмысында технологиялық ресурстардың қолжетімділігі шектеулі Оңтүстік Африкадағы кедейшілік деңгейі жоғары ауылдық жерлерде де GeoGebra бағдарламасын қолдану оқушылардың оқуына әсер етіп, мұғалімдердің оқытуға деген сеніміне оң әсер еткенін көрсеткен [5]. Жалпы Scopus деректер базасында «GeoGebra» тақырыбына арналған 1000-нан

астам, «GeoGebra and effect» кілттік сөзімен 130-ға жуық мақала жарияланған. Ал, компьютерлік эксперименттердің орны мен ролін анықтау мәселелерімен жақын шетелде де зерттеулер жасаған. Бірақ барлық жоғарыда келтірілген деректерде 5-7 сынып математикасының сызықтық алгебралық теңсіздіктер жүйесі тақырыбына қатысты, GeoGebra бағдарламасының көмегімен эксперименттер жүргізілмеген.

Зерттеудің негізгі өзектілігі – сызықтық теңсіздіктерді оқытуда дәстүрлі әдістердің шектеулілігі және оқушылардың бұл тақырыпты меңгеруде кездесетін қиындықтарын жеңілдету үшін жаңа педагогикалық технологияларды қолдану қажеттілігі өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – 6-сынып оқушыларына сызықтық теңсіздіктерді оқыту барысында GeoGebra бағдарламасын пайдаланудың тиімділігін тәжірибелік тұрғыда анықтау.

Бұл мақсатқа жету үшін мынадай *міндеттер* қойылды:

1. Оқушылардың сызықтық теңсіздіктерді түсінудегі негізгі қиындықтарын талдау;
2. Эксперименттік топта сабақтарды GeoGebra арқылы, бақылау топта дәстүрлі әдіспен өткізу;
3. Pre-test және post-test нәтижелерін салыстыру арқылы оқу үлгеріміндегі айырмашылықтарды анықтау;
4. Оқушылардың қабылдау деңгейін бағалау үшін сауалнама жүргізу;
5. GeoGebra бағдарламасының оқу процесіндегі тиімділігі мен артықшылықтарын негіздеу.

Зерттеудің күтілетін нәтижесі – GeoGebra бағдарламасын пайдалану оқушылардың оқу үлгерімін арттырады, сызықтық теңсіздіктерді визуалды қабылдауын жеңілдетеді, пәнге деген қызығушылығын және өзіне деген сенімділігін күшейтеді.

Зерттеу жұмысы квазиэксперименттік әдіс арқылы жүргізілді. Бұл әдіс білім беру саласында жиі қолданылады, себебі толықтай кездейсоқ іріктеу жасау мектеп жағдайында мүмкін бола бермейді. Квазиэксперимент әдісі зерттеу мақсатына – GeoGebra бағдарламасының оқушылардың оқу үлгеріміне әсерін анықтауға – тиімді мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу

Теңсіздіктер тақырыбы математикадан мектеп бағдарламасының «өзегін» құрайтындықтан және басқа пәндермен көптеген байланыстарды ашатындықтан, теңсіздіктерді зерттеу кезінде есептерді шешудің кең ауқымын, модельдеу әдістерін және қолданбалы зерттеу мәселелерін меңгеруге мүмкіндік туады. Мектеп оқушылары теңсіздіктерді түсіну және оны шешуде көптеген қиындықтарға тап болады. Мысалы, [6] әдебиетте осы туралы кеңінен баяндалған. Ал, теңсіздіктерді шешуге қатысты көптеген ғылыми еңбектер жазылған. Соның бірі Б.О. Имрановтың жұмысы [7]. Л.В. Панкратованың жұмысында теңсіздіктер арқылы мектеп оқушыларының ғылыми зерттеушілік қабілетін дамыту және оны қалыптастыру туралы жазылған [8].

Geogebra бағдарламасының көмегімен оқушы есептің шарттарын талдап, теңсіздіктер және теңсіздіктер жүйесінің негізгі элементтерін анықтап және есептерді шешу барысында графикалық бейнелерін елестете отырып, теңсіздіктердің қабылдайтын ортақ мәндерін визуализациялау арқылы шеше алады. Бұдан Geogebra бағдарламасы оқушының когнитивті құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететіндігі көрінеді. Оқушылардың қажеттіліктері мен оқу материалының ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі әдістерді қолданса, Geogebra бағдарламасын оқу процесіне енгізу табысты болуы мүмкін. Geogebra бағдарламасын оқу процессіне енгізудің бірден бір тиімділігі, мұғалім күрделі математикалық түсініктерді көрнекі түрде түсіндіру үшін сыныпта демонстрациялық режимде қолдануында. Сонымен қатар Geogebra бағдарламасын топтық жобаларда да тиімді қолдануға болады.

Осы айтылған зерттеулерде мектеп математикасын оқытуда GeoGebra бағдарламасы секілді математикалық бағдарламалар ішінара пайдаланылғанымен, 6-сынып оқушыларына сызықтық теңсіздіктерге қолданысы қарастырылмаған. Сондықтан 6-сынып оқушыларына сызықтық теңсіздіктерді оқыту барысында GeoGebra бағдарламасын қолдану, оқушылардың

сабақты түсінуі мен қабылдау әсерін зерттеу қажет етеді. Сызықтық теңсіздіктерді оқыту теңдеулермен салыстырғанда күрделірек, себебі теңсіздіктің шешімі бір ғана сан емес, мәндер жиыны ретінде анықталады. Оқушылар үшін шешімдер жиынын, оның шекараларын, ашық және жабық аралықтарды елестету айтарлықтай қиындық туғызады.

Осы тұрғыдан алғанда визуализация ерекше рөл атқарады, өйткені ол абстрактілі математикалық ұғымдарды нақты графикалық бейнелер арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. GeoGebra бағдарламасының тиімділігі оның динамикалық мүмкіндіктерімен байланысты: теңсіздік коэффициенттерін өзгерту барысында координаталық түздегі боялған аймақтың бірден өзгеруі оқушыларға шешімдер жиынының қасиеттерін саналы түрде түсінуге жағдай жасайды. Дәстүрлі оқытуда қолданылатын статикалық графиктер бұл процесті толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан GeoGebra бағдарламасының сызықтық теңсіздіктерді оқытудағы тиімділігін арнайы эксперимент арқылы зерттеу ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негізді болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жүргізу үшін квазиэксперименттік әдіс қолданылды. Яғни зерттеу нәтижелерін салыстыру үшін, оқушылар эксперименттік және бақылау топтарына кездейсоқ іріктеу әдісімен бөлінді: сыныптағы оқушылар тізімі бойынша нөмірленіп, жұп нөмірлі оқушылар эксперименттік топқа, ал тақ нөмірлі оқушылар бақылау тобына енгізілді. Эксперименттік топ Geogebra бағдарламасы арқылы, ал бақылау тобы оқытудың дәстүрлі әдісі арқылы «Сызықтық алгебралық теңсіздіктер» тақырыбына сабақ өтілді. Зерттеуге Алматы қаласының Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейіндегі алтыншы сыныптың 1 және 2-топ оқушылары таңдап алынды. Әр топта 15 оқушыдан бар. Бастапқыда GeoGebra бағдарламасы туралы оқушыларда түсінік болған жоқ және зерттеу жүргізілетіні туралы оқушыларға айтылмады. Зерттеу әдістері және бөлінген топтар 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Әдістер мен топтар

Топтар	Зерттеуге дейінгі	Әдістер	Зерттеуден кейінгі
Эксперименттік	B_1	GeoGebra бағдарламасының көмегімен	B_3
Бақылау	B_2	Дәстүрлі	B_4

Мұнда,

B_1 – Эксперименттік топтан зерттеуге дейін алынған тест,

B_2 – Бақылау тобынан зерттеуге дейін алынған тест,

B_3 – Эксперименттік топтан зерттеуден кейін алынған тест,

B_4 – Бақылау тобынан зерттеуден кейін алынған тест.

Зерттеуге дейін және зерттеуден кейін тест алу үшін «Мақсатқа жету» тесті құрастырылды. Зерттеуге дейінгі тестте 10 сұрақ, ал зерттеуден кейінгі тестте 25 сұрақ болды.

Pre-test тапсырмалары оқушылардың сызықтық теңсіздіктер бойынша бастапқы білім деңгейін анықтауға бағытталды. Тест сұрақтары бір айнымалысы бар қарапайым теңсіздіктерді тану, оларды шешу, координаталық түзде шешімдер жиынын белгілеу және теңсіздік белгісінің мағынасын түсіну сияқты базалық біліктерді тексеруге арналған.

Post-test тапсырмалары мазмұны жағынан күрделірек болып, оқушылардың теңсіздіктерді түрлендіру, шешімдер жиынын интерпретациялау, бірнеше теңсіздіктерді салыстыру, сондай-ақ практикалық мазмұндағы есептерде теңсіздіктерді қолдану дағдыларын бағалауға бағытталды. Осылайша, post-test оқушылардың тек есептеу дағдыларын ғана емес, сызықтық теңсіздіктерді саналы түрде түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар эксперименттік және бақылау топтарының қабылдауын бағалау үшін арнайы «Бағалау шкаласы» (дескриптор) жасалды. Pre-test және post-test тапсырмалары мектептің

қолданыстағы оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылды. Осыған байланысты эксперимент және бақылау топтарына 6 сабақ жоспары жасалды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу кезеңдері:

1. Алдын ала тестілеу (pre-test). Екі топ оқушыларынан бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында 10 сұрақтан тұратын тест алынды.

2. Оқыту кезеңі. Эксперименттік топта «Сызықтық теңсіздіктер» тақырыбына арналған сабақтар интерактивті GeoGebra бағдарламасы арқылы, ал бақылау топта дәстүрлі әдістермен өткізілді. Барлығы 6 сабақ қарастырылды.

3. Қорытынды тестілеу (post-test). Екі топ оқушыларынан 25 сұрақтан тұратын тест алынды. Бұл кезеңде оқушылардың оқу үлгеріміндегі айырмашылықтар анықталды.

4. Сауалнама. Оқушылардың GeoGebra бағдарламасының тиімділігі туралы пікірін анықтау үшін 7 сұрақтан тұратын сауалнама жүргізілді. Сауалнама жауаптары Ликерт шкаласы бойынша бағаланды.


Қолданылған құралдар. Зерттеу барысында «мақсатқа жету» тесттері (pre-test және post-test) және арнайы құрастырылған сауалнама пайдаланылды. Оқушылардың үлгерім деңгейлері салыстырмалы түрде бағаланды, ал топтар арасындағы айырмашылықтың маңыздылығы р-мәндері арқылы анықталды. Әсер мөлшерін (effect size, Cohen's d) есептеу арқылы GeoGebra-ның тиімділігі сандық тұрғыда дәлелденді.

Этикалық нормалар. Зерттеу барысында барлық қатысушылардың деректері құпия сақталды. Оқушыларға эксперименттің мақсаты түсіндірілді және олардың қатысуы ерікті түрде жүзеге асырылды. Зерттеу процесі білім беру мекемесінің ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілді және қатысушылардың психологиялық немесе академиялық жағдайына зиян келтірілмеді. Махатма Ганди атындағы № 92 мамандандырылған лицейдің қысқа мерзімді сабақ жоспарына сәйкес «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер» тақырыбына 24 академиялық сағат бөлінген. Мектептің 6-сынып оқушылары Т. Алдамуратова, К. Байшоланова, Е. Байшолановтың және А.Е.Абылкасымова, Т. Кучер, З. Жумагулова кітаптарымен оқытылады [9], [10]. Сабақ барысында аталған оқулықтағы есептер басшылыққа алынды. Төменде сабақта қолданылған есептерге мысалдар келтірілді.

Мысал 1. 6-сыныптың математика оқулығындағы №1571, (1) есепті GeoGebra бағдарламасында көрсетейік. Теңсіздікті шешіңіз $3x + 7 > 13$ [9].

$3x + 7 > 13$ теңсіздігін Geogebra бағдарламасында салу алгоритімін жазайық:

1. Алдымен Geogebra бағдарламасын ашыңыз және графика тақтасын таңдаңыз.
2. «Кіріс» деген жерге $3x + 7 > 13$ теңсіздігін жазып, enter-ді басыңыз.
3. Нәтижесінде бағдарлама түзудің графигін және анықталу облысын графикалық тақтада көрсетеді (1-суретте сызықтық теңсіздіктің GeoGebra бағдарламасындағы графикалық бейнесі көрсетілген).



Сурет 1. Бірінші мысалдың Geogebra бағдарламасындағы графигі

Бірінші суреттен $3x + 7 > 13$ теңсіздігін $x \in (2, +\infty)$ қанағаттандыратыны түсінікті.


Мысал 2. $\frac{x-3}{2} > \frac{x+1}{4}$ теңсіздігін Geogebra бағдарламасының көмегімен шешейік. Алдымен

бұл мысалдың Geogebra бағдарламасындағы салу алгоритмін жазайық:

1. Geogebra бағдарламасын ашыңыз және графика тақтасын тандаңыз.

2. «Кіріс» деген жерге $\frac{x-3}{2} > \frac{x+1}{4}$ теңсіздігін жазып, enter-ді басыңыз.

3. Нәтижесінде бағдарлама түзудің графигін және анықталу облысын графикалық тақтада көрсетеді (2-суретте сызықтық теңсіздіктің GeoGebra бағдарламасындағы графикалық бейнесі көрсетілген).



Сурет 2. Екінші мысалдың Geogebra бағдарламасындағы графигі

2-суреттегі боялған аймаққа назар салсақ, $\frac{x-3}{2} > \frac{x+1}{4}$ теңсіздігінің шешімі $x > 7$ болатыны айқын.


Мысал 3. 6-сыныптың математика оқулығындағы №1572 (4) есепті, $|x+2| \leq 11$ теңсіздігін GeoGebra бағдарламасының көмегімен шешейік [9].

Geogebra бағдарламасында салу алгоритімі төменде көрсетілген.

1. Алдымен Geogebra бағдарламасын ашыңыз және графика тақтасын тандаңыз.

2. «Кіріс» деген жерге $|x+2| \leq 11$ теңсіздігін жазып, enter-ді басыңыз.

3. Нәтижесінде бағдарлама түзулердің графигін және анықталу облысын графикалық тақтада көрсетеді (3-суретте сызықтық теңсіздіктің GeoGebra бағдарламасындағы графикалық бейнесі көрсетілген).



Сурет 3. Үшінші мысалдың Geogebra бағдарламасындағы графигі

3-суреттегі боялған аймаққа қарап, $|x+2| \leq 11$ теңсіздігінің шешімі $-13 \leq x \leq 9$ болатынына көз жеткіземіз.

Мысал 4. 6-сыныптың математика оқулығындағы №1354, (6)-есепті GeoGebra бағдарламасының көмегімен графигін салайық [10].

Geogebra бағдарламасында салу алгоритімін жазайық:

1. Алдымен Geogebra бағдарламасын ашыңыз және графика тақтасын таңдаңыз.
2. «Кіріс» деген жерге $\frac{5x}{24} - 3(x+1) \geq 10 - \frac{19x}{24}$ теңсіздігін жазып, enter-ді басаңыз.
3. «Кіріс» деген жерге $\frac{6}{7}x + 13 < \frac{1}{7}(14-x)$ теңсіздігін жазып, enter-ді басыңыз.
4. Нәтижесінде бағдарлама түзулердің графигін және анықталу облысын графикалық тақтада көрсетеді (4-суретте сызықтық теңсіздіктің GeoGebra бағдарламасындағы графикалық бейнесі көрсетілген).



Сурет 4. Төрініші мысалдың Geogebra бағдарламасындағы графигі

4-суреттен $\frac{5x}{24} - 3(x+1) \geq 10 - \frac{19x}{24}$ және $\frac{6}{7}x + 13 < \frac{1}{7}(14-x)$ теңсіздіктерінің шешімі.

Математикалық теңсіздіктерге негізделген нақты өмірлік сценарийлерді қамтитын әртүрлі есептерді қарастырайық.

Мысал 5. 6-сыныптың математика оқулығындағы №979 есепті GeoGebra бағдарламасының көмегімен графигін салайық [9].


№979 есеп. Дәулет достарына беру үшін бактан 15-тен артық, 21-ден кем алма теріп алды. Егер ол достарының әрқайсысына 3 алмадан берсе, оның барлық алмасы неше досына жететінін бағалаңдар.

Geogebra бағдарламасында салу алгоритімін жазайық:

1. Алдымен Geogebra бағдарламасын ашыңыз және графика тақтасын таңдаңыз.
2. «Кіріс» деген жерге $3x > 15$ теңсіздігін жазып, enter-ді басаңыз.
3. «Кіріс» деген жерге $3x < 21$ теңсіздігін жазып, enter-ді басыңыз.
4. Нәтижесінде бағдарлама түзулердің графигін және анықталу облысын графикалық тақтада көрсетеді (5 -суретте сызықтық теңсіздіктің GeoGebra бағдарламасындағы графикалық бейнесі көрсетілген).

5-суреттен $3x > 15$ және $3x < 21$ теңсіздіктерін қанағаттандыратын x -тердің жиыны (5; 7) аралығы немесе $5 < x < 7$ екені түсінікті.

Мысал 6. Киімді температураға байланысты таңдау керек. Температура Цельсий бойынша 10 градустан төмен болса, күрте, ал 20 градустан жоғары болса, футболка кигенді қалайсыз. Қандай температура диапазондары сіздің қалауыңызға сәйкес келеді?




Сурет 5. Бесінші мысалдың GeoGebra бағдарламасындағы графигі

GeoGebra бағдарламасында салу алгоритімін жазайық:

1. Алдымен GeoGebra бағдарламасын ашыңыз және графика тақтасын таңдаңыз.
2. «Кіріс» деген жерге $x < 10$ теңсіздігін жазып, enter-ді басаңыз.
3. «Кіріс» деген жерге $x > 20$ теңсіздігін жазып, enter-ді басыңыз.

4. Нәтижесінде бағдарлама түзулердің графигін және анықталу облысын графикалық тақтада көрсетеді (6-суретте сызықтық теңсіздіктің GeoGebra бағдарламасындағы графикалық бейнесі көрсетілген).



Сурет 6. Алтыншы мысалдың GeoGebra бағдарламасындағы графигі

6-суреттен 10-нан үлкен, 20-дан кіші болатын, яғни есептегі адамның қалауына сәйкес температура диапазоны $10 < x < 20$ градус аралығында болу керектігі шығады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар GeoGebra бағдарламасының сызықтық теңсіздіктерді оқыту барысында қалай қолданылғанын көрсетеді. Енді осы оқыту тәсілінің оқу нәтижелеріне әсерін сандық тұрғыда бағалау үшін алынған эксперименттік деректерді қарастырайық.

2-кестеден эксперименттік және бақылау топтарының зерттеуге дейінгі тест қорытындысының орташа балдарында айырмашылық жоқ екенін көруге болады.

Кесте 2. Топтар арасындағы бағалауға дейінгі тест нәтижелері

Топтар	Саны	Орташа балл	Стандартты ауытқу	p-мәні
Эксперименттік	15	9,26	2,089	0,939
Бақылау	15	9,33	1,946	

3-кестеде эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың оқу үлгерімі бойынша эксперименттік топта айтарлықтай айырмашылық табылып, әсер мөлшері ($d=0,819$) жоғары екені анықталды. Cohen ұсынған критерийлерге сәйкес әсер мөлшерінің $d \approx 0,2$ – кіші, $d \approx 0,5$ – орта, ал $d \geq 0,8$ – үлкен әсер ретінде бағаланады. Осыған байланысты алынған нәтиже

($d = 0,819$) GeoGebra бағдарламасының сызықтық теңсіздіктерді оқытудағы оқу нәтижелеріне күшті әсер еткенін көрсетеді [12]. Бұл сызықтық теңсіздіктерді оқытуда GeoGebra бағдарламасының тиімді педагогикалық құрал екенін көрсетеді.

Кесте 3. Топтар арасындағы бағалаудан кейінгі тестінің нәтижесі

Топтар	Саны	Орташа балл	Стандартты ауытқу	p-мәні	Әсер мөлшері
Эксперименттік	15	22,13	2,31	0,02*	0,819
Бақылау	15	18,4	4,28		

*p-мәні $< 0,05$ (яғни маңызды)


Зерттеу соңында эксперименттік және бақылау топтарының сабақты қабылдау әсері бағаланды. Зерттеудің соңында Geogebra бағдарламасының оқушылардың оқуына әсері туралы көзқарастарын одан әрі зерттеу үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама 7 сұрақтан тұрады. Барлық сұрақтардың жауабы Ликерт шкаласы ([11]) бойынша жасалды. Сауалнамадағы сұрақтар: 1-толықтай келісемін, 2-жартылай келісемін, 3-бейтарап, 4-келіспеймін, 5-мүлдем келіспеймін.

Сызықтық теңсіздіктерді оқыту кезінде оқушылардың Geogebra бағдарламасының көмегімен тақырыпты қабылдау деңгейі жоғары екенін 4-кестеден көре аламыз.

Кесте 4. Сауалнама қорытындысы

Сұрақтар	Пайыздық (%) көрсеткіші				
	ТК	ЖК	Б	К	МК
1. Маған сызықтық теңсіздіктерді GeoGebra арқылы оқыған ұнады	60	26,7	13,3	0	0
2. GeoGebra маған сызықтық теңсіздіктердің мазмұнын түсінуге көмектесті	70	26,7	3,3	0	0
3. GeoGebra-ның көмегімен сызықтық теңсіздіктерді үйрену өте маңызды	66,7	26,7	6,7	0	0
4. GeoGebra сызықтық теңсіздіктерге берілген есептерді оңай түсінуге көмектесті	76,7	20	3,3	0	0
5. GeoGebra-ның көмегімен сызықтық теңсіздіктер есептерін шешуде өзіме деген сенімділігім артты	56,7	40	3,3	0	0
6. GeoGebra менің шығармашылығымды арттырды	66,7	33,3	0	0	0
7. Маған GeoGebra-ның көмегімен сызықтық теңсіздіктерді оқыған ұнады	60	33,3	6,7	0	0
Барлық сұрақтар бойынша жиынтық нәтиже	65,26	29,53	5,23	0	0

Сауалнама нәтижелері төменде диаграмма түрінде келтірілген (7-суретте GeoGebra бағдарламасын қолдану бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелерінің диаграммасы көрсетілген).



Сурет 7. Сауалнама нәтижелері

Дискуссия

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігі GeoGebra бағдарламасының тиімділігін оң қабылдады: жауаптардың 65,26%-ы «толықтай келісемін», 29,53%-ы «жартылай келісемін», ал 5,23%-ы бейтарап нұсқаны таңдады. «Келіспеймін» және «мүлдем келіспеймін» жауаптары мүлдем болмады. Бұл жағдай оқушылардың бағдарламаға деген қызығушылығының жоғары екенін және оның оқу процесіндегі маңыздылығын айқын дәлелдейді.

Сауалнама оқу сапасын тікелей бағалауға арналмаса да, оқушылардың оқу материалын түсіну деңгейі, визуализация дағдылары, өзіне деген сенімділігі және пәнге қызығушылығы сияқты оқу сапасының маңызды жанама көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік берді.

Бұл зерттеуде «оқу сапасының артуы» ұғымы оқушылардың оқу материалын саналы түсінуі, шешімдер жиынын интерпретациялау қабілетінің қалыптасуы, визуализацияны қолдану дағдыларының дамуы және оқу іс-әрекетіне деген уәжінің артуы арқылы түсіндірілді.

Білім беру зерттеулерінде бұл көрсеткіштер оқу сапасының құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады.

Сауалнама деректері бойынша GeoGebra бағдарламасы оқушылардың:

- математикалық ұғымдарды меңгеруіне,
- мазмұнды визуализациялауына,
- сабаққа белсенді қатысуына,
- өзіне деген сенімділігін арттыруына ықпал еткені анықталды.

Тест нәтижелері де бұл қорытындыларды қуаттайды. Зерттеуге дейінгі бастапқы тестте (pre-test) эксперименттік және бақылау топтарының үлгерімдерінде елеулі айырмашылық байқалған жоқ. Алайда қорытынды тест (post-test) нәтижелері бойынша эксперименттік топтың үлгерімі бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды. Есептелген әсер мөлшері (Cohen's $d = 0,819$) GeoGebra бағдарламасының оқушылардың оқу нәтижелеріне күшті ықпалын дәлелдеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері оқу процесінде GeoGebra бағдарламасын қолдану математикалық ұғымдарды түсіндіруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратынын, визуализация дағдыларын дамытатынын және жалпы оқу сапасын жақсартатынын көрсетті.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, GeoGebra бағдарламасы 6-сынып оқушыларының сызықтық теңсіздіктерді меңгеруіне айтарлықтай оң әсерін тигізді. Бағдарламаны қолдану оқушылардың математикалық ұғымдарды терең түсінуіне, оқу үлгерімін арттыруына,

мазмұнды визуалды түрде қабылдауына, өзіне деген сенімділігін нығайтуына және шығармашылық қабілеттерін дамытуына ықпал етті.

